

Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 сәуірде № 10612 тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 305) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қағидалардың 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 3 және 5-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 30.11.2015 № 676 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 152 бұйрығымен бекітілді

Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 07.11.2018 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 305) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) азаю көлемі – энергия өндіруші ұйымға сәйкес келетін энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын кезектен тыс аттестаттаудан өткізу нәтижелері бойынша айқындалған аттестатталған электр қуатының және желіге жіберу жиынтық электр қуатының айырмасы, мегаватта (бұдан әрі – МВт);

2) аралас орташалау әдісі – бұл өнеркәсіптік кешен тұтынатын электр қуатының есептік кезеңдегі (күнтізбелік ай) максималды мәнін анықтау (есептеу) әдісі, оған сәйкес өнеркәсіптік кешен тұтынатын электр қуатының есептік кезеңдегі (күнтізбелік ай) максималды мәні импортталатын электр қуатын шегере отырып, аталған есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) барлық бақылау кезеңдеріндегі өнеркәсіптік кешеннің нетто-қуатының тиісті орташа мәні ретінде айқындалады;

3) аттестатталған электр қуаты – тиісті аттестаттау нәтижелері бойынша электр станцияларының аттестатталған электр қуатының қосындысы, МВт;

4) бақылау кезеңі – жергілікті уақыт бойынша 17:00-ден бастап 23:00-ге дейін күнтізбелік күн уақытының мерзімі (мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда);

5) генерациялайтын қондырғы – электр энергиясын өндіретін құрылғы;

6) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау – аттестатталған электр қуатының мәндерін және электр қуатын ұлғайту мен азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын айқындауға бағытталған Жүйелік оператор жүргізетін іс-шаралар;

7) генерациялаудың, технологиялық және техникалық минимумдардың жұмыс электр қуаттарының ведомосі – Жүйелік оператор ағымдағы және алдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) әрбір тәулігіне жасайтын, оған энергия өндіруші ұйымдар ұсынған және Жүйелік оператормен келісілген генерациялаудың жұмыс электр қуаттарының, генерациялаудың ықтимал электр қуаттарының, энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері енгізілетін құжат;

8) генерацияның ықтимал электр қуаты – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станциялары генерациясының жұмыс электр қуатының (белгіленген электр қуатының шектеулерін және Жүйелік оператормен келісілген жоспарлы жөндеулерді ескере отырып) және энергия өндіруші ұйымның генерациясының тиісті жұмыс электр қуатының құрамына кіретін гидравликалық электр станцияларына (Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабына сәйкес су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар берген су шығыстарын қамтамасыз ету шарттары бойынша) тиесілі бөлігінің сомасы, МВт;

9) желіге жіберу жиынтық электр қуаты – онда ескерілген есепті жылдағы энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының өз қажеттіліктері үшін электр қуатының максималды мәнін шегергендегі жиынтық электр қуаты, МВт;

10) жиынтық шегерілетін электр қуаты – энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін сатып алу туралы қолданыстағы шарттарда немесе олар болмаған (жасалмаған) жағдайда, энергия өндіруші ұйымды электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы екі жақты шарттарда тиісті күнтізбелік жылға көрсетілген мына параметрлер қосындысы: есептік жылдағы өз қажеттілігіне тұтынылатын электр қуатының максималды мәндері, есептік жылдағы бөлшек сауда нарығы субъектілеріне жеткізілетін максималды электр қуаты және есептік жылдағы экспорттың максималды электр қуаты, МВт;

11) жиынтық электр қуаты – әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің және шегерілетін жиынтық электр қуатының қосындысы, МВт;

12) жоспарлы жөндеу – Жүйелік оператормен келісілген жөндеу графигіне енгізілген жоспарлы жөндеу;

13) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесі - электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтыну, электр

энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыру бойынша өтінімдерді беруге, орталықтандырылған сауда-саттық көлемін (сатып алушыларды іріктеу бойынша) айқындауға, орталықтандырылған сауда-саттық көлемін (сатушыларды іріктеу бойынша) айқындауға, бекітілген тәуліктік кестеге жүйелік оператормен келісілген түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынуының нақты мәндерін қалыптастыруға, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағаттық бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың және теріс теңгерімсіздіктерді сатудың сағаттық бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

14) жөндеу қуаты – энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларын жөндеудің барлық түрлерінде (резервтен тыс жағдайда) бар белгіленген жиынтық электр қуаты;

15) импортталатын электр қуаты – Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерден жеткізілетін электр энергиясының орташа айлық қуаты.

16) қуат нарығының тұтынушылары – энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар мен электр энергиясы көтерме нарығының субъектілері болып табылатын тұтынушылар, оның ішінде өнеркәсіптік кешендер;

17) қысқару көлемі – энергия өндіруші ұйымға сәйкес келетін электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шартты көлемінің мәніне ұлғайтылған желіге жіберілетін жиынтық электр қуатының және энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын кезектен тыс аттестаттаудан өткізу нәтижелері бойынша айқындалған аттестатталған электр қуатының айырмасы, МВт;

18) номиналды жоспарлы жөндеу кезеңі – тиісті күнтізбелік жыл шеңберінде ұзақтығы күнтізбелік бір жүз сексен күннен аспайтын үлгілік көлемде тиісті генерациялайтын қондырғыға жоспарлы жөндеу жүргізу үшін қажетті уақыт аралығы;

19) орталықтандырылған сауда нарығының операторы – электр энергиясының спот-сауда-саттығын қоса алғанда, электр энергиясының және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің орталықтандырылған сауда-саттықтарын жүзеге асыратын ұйым;

20) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамында меншік, жалдау құқығымен немесе өзге де заттай құқықпен бар генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

21) өнеркәсіптік кешенінің нетто-қуаты – жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын шартты тұтынушы ретінде қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуын ескере отырып, өнеркәсіптік кешен тұтынатын электр қуатының және өнеркәсіптік кешеннің құрамына кіретін электр станциялары желісіне жіберілетін

электр қуатының айырмасын білдіретін электр қуаты (аталған айырманың теріс мәндері нөлге теңеледі);

22) сауда-саттықта қуатты сатудың рұқсат етілетін көлемі - энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуатының және сауда-саттықта сатылмайтын электр қуатының айырмасы, МВт;

23) сауда-саттықта сатылмайтын электр қуаты – осы Қағидалардың 11-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларына сәйкес жасалған энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы қолданыстағы шарттарда тиісті күнтізбелік жыл үшін көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің және тиісті аттестаттаудың нәтижелері бойынша тіркелген, энергия өндіруші ұйымы электр станцияларының өз қажеттіліктері электр қуаттары мәндерінің сомасына азайтылған, жиынтық шегерілетін электр қуатының тиісті аттестаттаудың нәтижелері бойынша расталған сомасы, МВт;

24) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

25) техникалық минимум – конденсациялық, жылуландыру, газ турбиналық және бу-газ электр станциялары үшін – тиісті паспорттық деректерге сәйкес олардың жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттары бойынша, гидравликалық электр станциялары үшін – Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабына сәйкес су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялар берген су шығыстарын қамтамасыз ету шарттары бойынша генерациялайтын қондырғылардың ең төмен рұқсат етілетін электр қуатының қосындысы, МВт;

26) технологиялық минимум – генерациялайтын қондырғылардың минималды электр қуатының қосындысы (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде), МВт;

27) толық орташалау әдісі – есептік кезеңде (күнтізбелік айда) энергия беруші ұйымның электр қуатын тұтынуының максималды мәнін айқындау (есептеу) әдісі, оған сәйкес есептік кезеңде (күнтізбелік айда) энергия беруші ұйымның электр қуатын тұтынуының максималды мәні осы энергия беруші ұйымның жеке желілерінде және шаруашылық мұқтаждарына электр энергиясының ысырабын жабу үшін тұтынған электр қуатының мәні импортталатын электр қуатын шегере отырып, осы есептік кезеңдегі (күнтізбелік айда) орташа мән ретінде айқындалады;

28) тұлғалар тобының тізілімі – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-1-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес бақылауда болған жағдайда, уәкілетті орган қалыптастыратын және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылатын, тұлғалардың бір тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылар тізбесі;

29) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

30) ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемі – энергия өндіруші ұйымдарда электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы қолданыстағы шарттарға тиісті күнтізбелік жыл үшін көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемдерінің қосындысы, МВт;

31) шоғырландыру көлемі – қуат нарығының тұтынушылары ағымдағы күнтізбелік жылдың барлық алдыңғы есептік кезеңдері (күнтізбелік айлары) ішінде жүзеге асырған бірыңғай сатып алушының жүктемесін атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің нақты жиынтық төлемінің және ағымдағы күнтізбелік жылдың барлық алдыңғы есептік кезеңдері (күнтізбелік айлары) ішінде бірыңғай сатып алушы жүзеге асырған энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты жиынтық төлемі айырмасының оң мәні;

32) ішінара орташалау әдісі – есептік кезеңде (күнтізбелік ай) ішінде қуат нарығы тұтынушысының электр қуатын тұтынушының максималды мәнін айқындау (есептеу) әдісі, оған сәйкес есептік кезеңде (күнтізбелік айда) қуат нарығы тұтынушысының электр қуатын тұтынушының максималды мәні импортталатын электр қуатын шегере отырып, осы есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) барлық бақылау кезеңдері үшін қуат нарығы тұтынушысының электр қуатын тұтынушының тиісті орташа мәні ретінде айқындалады;

33) электр қуатының аттестатталған азаю жылдамдығы – электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттаудың үшінші кезеңін өткеру уақытында энергия өндіруші ұйымның электр станциясы электр қуатының азаю жылдамдығының орташа мәні, минутына/МВт;

34) электр қуатының аттестатталған ұлғаю жылдамдығы – электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттаудың бірінші кезеңін өткеру уақытында энергия өндіруші ұйымының электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын ұлғайту жылдамдығының орташа мәні, минутына/МВт;

35) электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызмет – тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген бір тұлғалар тобына бірге кіретін тұтынушыларға энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсететін қызметі;

36) электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі – энергия өндіруші ұйым мен тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген бір тұлғалар тобына бірге кіретін тұтынушылар арасындағы электр қуатымен қамтамасыз ету

жөніндегі қолданыстағы екі жақты шарттарда тиісті күнтізбелік жыл үшін көрсетілген электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметі көлемдерінің сомасы, МВт;

37) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығы – электрондық сауда жүйесінде энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушы арасында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуға бағытталған процесс;

38) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттықтарын өткізу графигі – электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттықтарын өткізу күні, басталу және аяқталу уақыты көрсетілген кесте;

39) электр станциясының аттестатталған электр қуаты – белгілеу уақытында энергия өндіруші ұйымның электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының желісіне босатылатын электр қуатының орташа мәні, МВт;

40) электр станциясының өз қажеттіліктері үшін электр қуаты – электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының генерация электр қуаты мен желіге жіберілетін электр қуатының айырмасын білдіретін электр қуаты;

41) энергия өндіруші ұйымның өзі тұтынатын электр қуаты – энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін және жекелеген заңды тұлғалар болып табылмайтын кәсіпорындар мен бірлестіктердің тұтынуының электр қуатының және энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін электр станцияларының меншікті, шаруашылық және өзге де қажеттіліктерінің электр қуатының сомасын білдіретін электр қуаты.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2023 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

3. Электр қуаты нарығының қатысушылары жүйелік оператор, бірыңғай сатып алушы, энергия өндіруші ұйымдар, қуат нарығын тұтынушылар, орталықтандырылған сауда-саттық нарығының операторы болып табылады.

4. Электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт және жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет

көрсетуге арналған шарт уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен үлгі шарттар негізінде жасалады.

2-параграф. Жүйелік оператордың электр қуаты нарығына қатысуы және алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға электр қуатына болжамды сұранысты әзірлеу тәртібі

5. Қуат нарығы тұтынушыларының тізбесі Жүйелік оператордың интернет-ресурсында орналастырылады және қуат нарығы тұтынушыларының құрамын өзгерту фактісі бойынша Жүйелік оператор өзектендіреді.

Жүйелік оператор бірыңғай сатып алушыға жоғарыда көрсетілген тізбеден қуат нарығының қосылған және шығарылған тұтынушылары туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алдыңғы есептік жылдың бірінші қазанынан кешіктірмейтін мерзімде жүйелік оператор электр қуаты резервінің қажетті шамасын және ұлттық электр желісінің жеке және шаруашылық қажетіне технологиялық шығысты өтеу үшін орташа жылдық электр тұтыну қуатын есепке алып, қуат нарығы тұтынушыларының болжамдық өтінімдері негізінде алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға электр қуатына болжамды сұраныс әзірлейді.

7. Алдағы және келесі күнтізбелік жылдарға электр қуатына деген болжамды сұранысты Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі - ҚР БЭЖ) аймақтары бойынша бөле отырып, мынадай тәртіпте әзірлейді:

1) осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға сәйкес келетін қосындысы ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтарына кіретін облыстар үшін алдағы күнтізбелік жылдың әрбір айы үшін жеке есептеледі;

2) осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға сәйкес келетін қосындысы ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағына кіретін облыстар үшін алдағы күнтізбелік жылдың әрбір айы үшін жеке есептеледі;

3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есептелген қосындының көп бөлігі (бұдан әрі - ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтарының біріктірілген максимумы), сондай-ақ ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтарының біріктірілген максимумына сәйкес келетін ай (бұдан әрі - ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтары максимумының айы) анықталады;

4) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген қосындының көп бөлігі (бұдан әрі - ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының біріктірілген максимумы), сондай-ақ ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының біріктірілген максимумына сәйкес келетін ай (бұдан әрі - ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағы максимумының айы) анықталады;

5) ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтары максимумының айы үшін осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға және ҚР БЭЖ-нің аталған аймағына сәйкес келетін қосындысы ретінде ҚР БЭЖ Солтүстік аймағының біріктірілген максимумы анықталады;

6) ҚР БЭЖ-нің Солтүстік аймағының біріктірілген максимумының он жеті пайызға ұлғайтылған мәні ретінде ҚР БЭЖ-нің Солтүстік аймағы бойынша алдағы күнтізбелік жылға электр қуатына болжамды сұраныс мәні анықталады;

7) ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және Оңтүстік аймақтары максимумының айы үшін осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға және ҚР БЭЖ-нің аталған аймағына сәйкес келетін қосындысы ретінде ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының біріктірілген максимумы анықталады;

8) ҚР БЭЖ-нің Оңтүстік аймағының біріктірілген максимумының он жеті пайызға ұлғайтылған мәні ретінде ҚР БЭЖ-нің Оңтүстік аймағы бойынша алдағы күнтізбелік жылға электр қуатына болжамды сұраныс мәні анықталады;

9) ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының максимум айы үшін осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға және ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының аталған облыстарына сәйкес келетін қосындысы ретінде ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының біріктірілген максимумы анықталады;

10) ҚР БЭЖ Батыс аймағының максимум айы үшін осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы қуат нарығының тұтынушылары Жүйелік операторға жіберген тұтыну бойынша болжамды өтінімдерінде көрсетілген тұтыну қуатының аталған айға және ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының аталған облысына сәйкес келетін қосындысы ретінде ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының Маңғыстау облысының біріктірілген максимумы анықталады;

11) ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының біріктірілген максимумының он жеті пайызға ұлғайтылған мәні ретінде ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстары бойынша жиынтығында алдағы күнтізбелік жылға электр қуатына болжамды сұраныс мәні анықталады;

12) ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының Маңғыстау облысының біріктірілген максимумының он жеті пайызға ұлғайтылған мәні ретінде ҚР БЭЖ-нің Батыс аймағының Маңғыстау облысы бойынша алдағы күнтізбелік жылға электр қуатына болжамды сұраныс мәні анықталады;

13) электр қуатына болжамды сұраныс алдағы және келесі күнтізбелік жылдарға осы тармаққа сәйкес айқындалған ҚР БЭЖ Солтүстік аймағы бойынша, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағы бойынша, жиынтығында ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстары бойынша, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысы бойынша және барлық ҚР БЭЖ бойынша алдағы күнтізбелік жылға электр қуатына болжамды сұраныстардың мәндерін; ҚР БЭЖ, ҚР БЭЖ Солтүстік аймағы, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағы, ҚР БЭЖ Батыс аймағы Батыс Қазақстан және Атырау облыстары, ҚР БЭЖ Батыс аймағы Маңғыстау облыстарының бірлескен максимумдарының мәнін көрсете отырып әзірленеді.

Алдағы күнтізбелік жылға арналған электр қуатына болжамды сұраныстардың белгілі мәндері және біріктірілген максимумдардың мәндері алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға арналған электр қуатына болжамды сұраныста ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.11.2023 № 405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға электр қуатына әзірленген болжамды сұранысты жүйелік оператор жыл сайын 5 қазанға дейін бірыңғай сатып алушыға және уәкілетті органға жібереді.

9. Бірыңғай сатып алушыдан қуат нарығы тұтынушысының мекенжайына шектеулер енгізу жөніндегі іс-шараларды енгізу, ауыстыру не алып тастау туралы хат (ресми бланкіде) түскен кезде Жүйелік оператор тиісінше осы тұтынушының мекенжайына шектеулер енгізу жөніндегі іс-шараларды енгізеді, ауыстырады не алып тастайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жүйелік оператор жыл сайын бесінші қарашаға дейін орталықтандырылған сауда нарығының операторын және бірыңғай сатып алушыны алдағы күнтізбелік жылдың желтоқсан айында күтілетін ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймағын байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілеті туралы, сондай-ақ алдағы күнтізбелік жылдың желтоқсан айында күтілетін ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарын ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысымен байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілеті туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Жүйелік оператор ай сайын есептік кезеңде (күнтізбелік айда) көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімін бекіткеннен кейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей бірыңғай сатып алушымен осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалған шартта көрсетілген энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілген қызметтің шарттық көлемінен нақты көрсетілген көлемінің асып кету мәні туралы ақпаратты (бұдан әрі – Асып кетудің мәні) айқындайды және бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

Асып кетудің мәнін айқындау орталықтандырылған сауда-саттықта мәлімделген барлық көлемді өткізбеген энергия өндіруші ұйымдар үшін ғана жүзеге асырылады.

Асып кетудің мәні мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{oc} = P_{BK} - (P_{\text{жиын.}} + P_{\text{қамт}} + P_{\text{БК.Имп.а}})$$

, мұндағы:

P_{BK}

– есепті айдың барлық бақылау кезеңдеріндегі энергия өндіруші ұйымның желіге жіберудің нақты орташа мәні, МВт, ондықтарға дейін дөңгелектенеді;

$P_{\text{жиын}}$

– бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүйелік операторға ұсынатын ақпаратқа сәйкес энергия өндіруші ұйымның желіге жіберудің жиынтық электр қуаты, МВт, ондықтарға дейін дөңгелектенеді;

$P_{\text{қамт}}$

– бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүйелік операторға ұсынатын ақпаратқа сәйкес электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт, ондықтарға дейін дөңгелектенеді;

$P(\text{БК.Имп.а.})$ – есептік айдың барлық бақылау кезеңдерінде энергия өндіруші ұйым орналасқан базалық теңгерімдеу аймағында ҚР БЭЖ-ден РФ БЭЖ-ге электр қуатының жоспардан тыс ағынының нақты орташа мәні, МВт, ондықтарға дейін дөңгелектенеді.

Энергия өндіруші ұйымның Q_{oc} -ы теріс мәні кезінде бұл мән нөлге теңестіріледі.

Ескерту. Қағидалар 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Бірыңғай сатып алушының электр қуаты нарығына қатысуы

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Заңның 15-3-бабының 3-1-тармағына сәйкес электр қуатына болжамды сұранысты жабу үшін бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасуды (басымдық тәртібімен):

1) пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендерлер жеңімпаздарымен жүзеге асырады. Бұл ретте осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

2) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарымен жүзеге асырады. Бұл ретте генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған жеке тариф, осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалады;

2-1) қуаты 35 МВт-тан асатын, стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың тізбесіне енгізілген, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін, судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар салуды 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін жүзеге асыруды жоспарлап отырған заңды тұлғалармен жүзеге асырады. Судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, осы ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұруы бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған техникалық-экономикалық негіздемелер негізінде, кемінде жеті жыл өтеу мерзіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қабылданады.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатуға арналған шарттың қолданылуы нақты өтеу мерзімі ерте болған кезде мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Осы энергия өндіруші ұйым бүкіл өндірілетін электр энергиясын уәкілетті орган мөлшерлемелерді ескере отырып белгілейтін шекті тариф бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана береді.

Шекті тарифте осы тармақшаға сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатуға бірыңғай сатып алушымен жасалған шарттың қолданылу кезеңіндегі амортизация мен пайда есепке алынбайды;

3) уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімді жасаған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жүзеге асырады. Бұл ретте осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді;

4) Заңның 15-5-бабы 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ҚР БЭЖ-дегі тапшылықты жабу үшін жасалған және тиісті тұлғалар тобы талап етпеген көлемде - тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдармен жүзеге асырады. Көлемі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 515 бұйрығымен бекітілген Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылардың болжамды тапшылықты жабу үшін электр қуатын құруға қатысу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18004 болып тіркелген) сәйкес айқындалады;

5) отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыратын жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жүзеге асырады;

б) тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдардан басқа, құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен - электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тариф бойынша жыл сайын алдағы күнтізбелік жылға жүзеге асырады. Осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалады және ол энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуатының тиісті жыл ішіндегі жоспарлы ең жоғары мәнінің және осы энергия өндіруші ұйым өзі тұтынатын электр қуатының тиісті жыл ішіндегі ең жоғары мәнінің айырмасын білдіреді, бұл ретте:

осы көлемде жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын

қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуаты ескерілмейді;

егер энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің деңгейі қойылған кезде) ең аз электр қуатының тиісті жыл ішіндегі жоспарлы ең жоғары мәні осы энергия өндіруші ұйым өзі тұтынатын электр қуатының тиісті жыл ішіндегі ең жоғары мәнінен аспаса, осы көлем нөлге тең деп қабылданады;

7) жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша, осы сауда-саттықтың нәтижелері бойынша қалыптасқан бағалар бойынша және көлемдерде жыл сайын жиырма бесінші желтоқсанға дейін алдағы күнтізбелік жылға жүзеге асырады. Осы тармақшаға сәйкес аталған энергия өндіруші ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық шарттардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Сауда-саттық көлемі) айқындалатын алдағы күнтізбелік жылға арналған электр қуатына болжамды сұраныстың көлемінің және осы тармақтың 1), 2), 2-1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларына сәйкес айқындалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемдерінің айырмасына тең болады.

Энергия өндіруші ұйымдардың сауда-саттығына жіберілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемі Сауда-саттық көлемінен аз болған жағдайларда, бірыңғай сатып алушы жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің жиынтық көлемінен аз жиынтық көлемінде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды жасасады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2025 № 230-н/қ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11-1. Бірыңғай сатып алушыда жүйелік оператор тиісті есептік жылға арналған электр қуатына болжамды сұранысқа енгізген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті іске асырудың шарттық көлемдерін ұлғайту есебінен туындаған (бұдан әрі – қамтамасыз

ету бойынша көлемді ұлғайту) қосымша табыс пайда болған кезде, бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті қосымша сатып алуды жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті қосымша сатып алуды осы Қағидалардың 10-1-тармағына сәйкес айқындалатын энергия өндіруші ұйымдардан осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалған шартта көрсетілген бағадан аспайтын баға бойынша жүзеге асырады.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті қосымша сатып алу көлемі тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік айда) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі мен жүйелік оператор тиісті есептік жылға арналған электр қуатына болжамды сұранысқа енгізген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі арасындағы оң айырманың шамасынан аспайды.

Жүйелік оператор осы Қағидалардың 10-1-тармағына сәйкес бірден артық энергия өндіруші ұйымның Асып кетудің мәнін айқындаған кезде, бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген формула бойынша айқындалатын әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтің нақты көрсетілген көлемінің асып кету үлесіне барабар қосымша көлемді сатып алуды жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушыдан тәуелсіз, тиісті есептік кезеңде (күнтізбелік ай) бұрын соған сәйкес әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті қосымша сатып алу жүзеге асырылған электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемдерінің азаюына байланысты жағдайлар туындаған кезде, онда энергия өндіруші ұйымының есептік кезең (күнтізбелік ай) ішінде нақты көрсеткен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметі көлемі тиісті түзетілуге жатады.

Ескерту. Қағидалар 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 416 бұйрығымен бекітілген Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға

арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16098 болып тіркелген) сәйкес белгілейді.

Осы Қағидалардың 11-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, осы ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемі мен мерзімдері отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды қарау, отынның баламалы түрі ретінде газды пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісімдер жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасу және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтер, Ереженің 15-тармағының 321-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың көлемдері мен мерзімдеріне сәйкес белгіленеді.

Осы Қағидалардың 11-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы әрбір шарт үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 688 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін айқындау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12510 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Бірыңғай сатып алушы жыл сайын сауда-саттық көлемін, ҚР БЭЖ-нің аймақтарына тиесілі көлемін мына формулалар бойынша есептейді:

$P_{\text{сауда.солтүстік}} = P_{\text{сұраныс.солтүстік-Ртендер.солтүстік}} - P_{\text{аукцион.солтүстік-РИС.солтүстік}} - P_{\text{тізілім.солтүстік}} - P_{\text{ИГ.солтүстік}} - P_{\text{ТМ.солтүстік}}$
 $, P_{\text{сауда.оңтүстік}} = P_{\text{сұраныс.оңтүстік}} - P_{\text{тендер.оңтүстік}} - P_{\text{аукцион.оңтүстік}} - P_{\text{тізілім.оңтүстік}} - P_{\text{ИС.оңтүстік}} - P_{\text{ИГ.оңтүстік}} - P_{\text{ТМ.оңтүстік}}$, $P_{\text{сауда. (БҚО + А)}} = P_{\text{сұраныс. (БҚО + А)}} - P_{\text{тендер. (БҚО + А)}} - P_{\text{аукцион. (БҚО + А)}} - P_{\text{тізілім. (БҚО + А)}} - P_{\text{ИС. (БҚО + А)}} - P_{\text{ИГ. (БҚО + А)}} - P_{\text{ТМ. (БҚО + А)}}$, $P_{\text{сауда. (М)}} = P_{\text{сұраныс. (М)}} - P_{\text{тендер. (М)}} - P_{\text{аукцион. (М)}} - P_{\text{тізілім. (М)}} - P_{\text{ИС. (М)}} - P_{\text{ИГ. (М)}} - P_{\text{ТМ. (М)}}$ -, $P_{\text{сауда}} = P_{\text{сауда.солтүстік}} + P_{\text{сауда.оңтүстік}} + P_{\text{сауда. (БҚО + А)}} + P_{\text{сауда. (М)}}$, мұнда

$P_{\text{тендер.солт}}$, $P_{\text{тендер.оңт}}$, $P_{\text{тендер. (БҚО+А)}}$, $P_{\text{тендер. (М)}}$ - бірыңғай сатып алушы ҚР БЭЖ Солтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облысының жиынтығында, ҚР БЭЖ Маңғыстау облысының жаңадан пайдалануға енгізілетін генерациялаушы қондырғыларын салуға тендерлердің жеңімпаздарымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарттардың алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтердің жиынтық көлемі, МВт-пен;

$P_{\text{тізілім.солт}}$, $P_{\text{тізілім.оңт}}$, $P_{\text{тізілім. (БҚО+А)}}$, $P_{\text{тізілім. (М)}}$ - бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ҚР БЭЖ Солтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының жиынтығында, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысының тұлғалар тобы тізіліміне қосылған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарттардың алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі;

$P_{\text{аукцион.солт.}}$, $P_{\text{аукцион.оңтүст.}}$, $P_{\text{аукцион. (БҚО+А)}}$, $P_{\text{аукцион. (М)}}$ -бірыңғай сатып алушы ҚР БЭЖ Солтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының жиынтығында, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облыстары жиынтығында пайдалануға жаңадан берілетін маневрлік генерациялау режимімен жұмыс істейтін генерациялайтын қондырғылардың аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөнінде жасаған шарттарының алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтердің жиынтық көлемі, МВт-пен;

$P_{\text{тізілім.солт}}$, $P_{\text{тізілім.оңт}}$, $P_{\text{тізілім. (БҚО+А)}}$, $P_{\text{тізілім. (М)}}$ - бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ҚР БЭЖ Солтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағының, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының жиынтығында, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысының тұлғалар тобы тізіліміне қосылған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші

ұйымдармен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарттардың алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі;

РИГ.солт , РИГ.оңт , РИГ. (БҚО+А) , РИГ. (М) - бірыңғай сатып алушы уәкілетті органмен отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға инвестициялық келісім жасасқан ҚР БЭЖ Солтүстік аймағы, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағы, ҚР БЭЖ аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстары жиынтығында, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысының жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарымен жасасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі, МВт-пен;

РТМ.солт , РТМ.оңт , РТМ. (БҚО+А) , РТМ. (М) - бірыңғай сатып алушы құрамына жылу электр орталықтары кіретін, ҚР БЭЖ Солтүстік аймағы, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағы, ҚР БЭЖ аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстары жиынтығында, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысының жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен жасасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі, МВт-пен;

Рсауда.солт , Рсауда.оңт, Рсауда. (БҚО+А) , Рсауда. (М) - ҚР БЭЖ Солтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Батыс аймағының, жиынтығында Батыс Қазақстан және Атырау облыстырына, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысына келетін сауда-саттық көлемі, МВт-пен;

PSауда - сауда-саттық көлемі, МВт.-пен.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес есептелген ҚР БЭЖ Солтүстік, Оңтүстік және Батыс аймақтарына келетін сауда-саттық көлемдері туралы ақпаратты бірыңғай сатып алушы жыл сайын бесінші қарашаға дейін орталықтандырылған сауда нарығының операторына береді.

15. Бірыңғай сатып алушы жыл сайын бесінші қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен бекітілген Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12489 тіркелген болып тіркелген) (бұдан әрі - Аттестаттауды өткізу қағидалары) сәйкес генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының

аттестаттауынан өткен барлық энергия өндіруші ұйымдарының сауда-саттығына қуатты сатудың рұқсат етілген көлемдері туралы ақпаратты орталықтандырылған сауда нарығының операторына береді.

16. Бірыңғай сатып алушы жыл сайын отызыншы желтоқсанға дейін Жүйелік операторға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерін сатып алу туралы қолданыстағы шарттары негізінде жасалған энергия өндіруші ұйымдар және алдағы күнтізбелік жылға электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы екі жақты шарттар туралы ақпаратты (бұдан әрі – Ақпарат) жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шарттардың параметрлері өзгерген жағдайда, бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператор үшін Ақпаратты уақтылы жаңартады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жасалатын шарттар бойынша ай сайын, бірақ аталған қызмет көрсету айы аяқталғаннан кейін қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметіне ақы төлейді.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жасалған қолданыстағы шарттар бойынша есепті кезең (күнтізбелік ай) үшін энергия өндіруші ұйымдар нақты көрсеткен осы Қағидалардың 44 және 45-тармақтарына сәйкес бірыңғай сатып алушы айқындайтын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерінің көлемдері бірыңғай сатып алушы тарапынан төлеуге жатады.

Есепті кезеңде (күнтізбелік ай) энергия өндіруші ұйымдар нақты көрсеткен осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көлемдерін уақтылы төлеу үшін бірыңғай сатып алушы қажет болған жағдайда, шоғырландыру көлемі шегінде осы Қағидаларға сәйкес қызметті жүзеге асыру нәтижесінде ағымдағы күнтізбелік жылдың барлық алдыңғы есептік кезеңдері (күнтізбелік айлары) үшін онда шоғырланған қаражатты пайдаланады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Бірыңғай сатып алушы жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге арналған жасасқан шарт негізінде көтерме нарық субъектілері болып табылатын энергия жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуді жүзеге асырады.

19. Жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерге бағаны бірыңғай сатып алушы жыл сайын алдағы күнтізбелік жылға есептейді.

Бірыңғай сатып алушы жыл сайын бірінші желтоқсанға дейін өзінің интернет-ресурсында растайтын есептермен бірге алдағы күнтізбелік жылға жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерге баға орналастырады.

Бірыңғай сатып алушы жүктемені атқаруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерге бағаны есептеу және интернет-ресурсқа орналастыруды Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 685 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидаларына сәйкес жүзеге асырады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12474 болып тіркелген).

20. Бірыңғай сатып алушы электр энергиясының нарығын енгізу жылы алдындағы жылдың он бесінші қарашаға дейін электр энергиясының көтерме нарығының субъектілерін көрсете отырып, жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуге жасасқан шарттар тізбесін (бұдан әрі - шарттар тізбесі) қалыптастырып, өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Шарттар тізбесімен бірге бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператордың интернет-ресурсында орналастырылған және жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге бірыңғай сатып алушымен шарттары жоқ қуат нарығының тұтынушылар тізбесіне енгізілген қуат нарығы тұтынушыларының тізімін де (бұдан әрі - Тізім) орналастырады.

Бірыңғай сатып алушы интернет-ресурсқа орналастырған шарттар тізбесі мен Тізімді бірыңғай сатып алушы жүктемені арттыруға электр қуаты әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге жаңа шарттар жасасу фактісі бойынша өзектендіреді.

21. Қуат нарығын тұтынушы электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсетуге арналған тиісті шарт бойынша жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке ақы төлеу шарттарын бұзған жағдайда не қуат нарығын тұтынушы бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасаспаған жағдайда, бірыңғай сатып алушы қуат нарығының тұтынушысына және Жүйелік операторға осы қуат нарығы тұтынушысының мекенжайына шектеулерді енгізу жөніндегі іс-шараларды енгізу не ауыстыру туралы хатты (ресми бланкіде) Жүйелік оператордың осы іс-әрекеттерді жүзеге асыруының тиісті күні мен уақытын, сондай-ақ енгізілетін шектеулердің көлемін (пайыздық қатынаста) көрсете отырып жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды жою фактісі бойынша бірыңғай сатып алушы қуат нарығының тұтынушысына және Жүйелік операторға осы қуат нарығы тұтынушысының мекенжайына шектеулерді енгізу жөніндегі іс-шараларды алып тастау туралы хатты (ресми бланкіде) Жүйелік оператордың осы іс-әрекетті жүзеге асыруының тиісті күні мен уақытын көрсете отырып жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хаттарды бірыңғай сатып алушы электр қуаты нарығын тұтынушыға және Жүйелік операторға осы хаттарда көрсетілген іс-әрекеттерді Жүйелік оператордың жүзеге асыру уақытына дейін 72 сағаттан кешіктірмей жібереді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Электр қуатының нарығына энергия өндіруші ұйымдардың қатысуы

22. Заңның 12-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, энергия өндіруші ұйымдар: электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтен аспайтын баға бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті өткізуді жүзеге асыруға (электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемдерін қоспағанда, оны көрсету кезінде жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар және пайдалануға жаңадан берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға тендер жеңімпаздары электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке уәкілетті орган белгілеген жеке тарифті пайдаланады).

23. Заңның 13-бабы 3-2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес энергия өндіруші ұйымдарға бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме арттыруға әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттары жоқ, қуат нарығы тұтынушыларының электр энергиясын өткізуге (сатуға) тыйым салынады.

Жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге бірыңғай сатып алушымен шарттары жоқ қуат нарығының тұтынушылары Тізімде көрсетіледі.

24. Энергия өндіруші ұйым Аттестаттауды жүргізу қағидаларына сәйкес генерацияланатын қондырғының электр қуатына аттестаттау (бұдан әрі – Аттестаттау) жүргізгеннен кейін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру және қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерін өткізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Энергия өндіруші ұйымдар электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында бірыңғай сатып алушыға аттестатталған электр қуатынан аспайтын көлемде электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін сатуды жүзеге асырады, бұл ретте мыналар шегеріп тасталады:

1) тендер негізінде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты, сондай-ақ аукциондық сауда-саттық нәтижелері бойынша генерациялаудың маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты;

2) жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға жасалған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты;

3) отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты;

4) есептік жылы экспорттың максималды электр қуаты;

5) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

б) электр қуатының мына екі мәндерінің ең жоғарғысы:

есептік жылы өз қажеттілігіне тұтынылатын электр қуатының максималды мәні;

есептік жылы энергия өндіруші ұйымдар құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының минималды электр қуатының максималды мәндері (олардың жылу жүктемелерінің берілген деңгейі кезінде).

Егер кезектен тыс аттестаттау өткізу нәтижесінде энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығы нәтижелері бойынша бірыңғай сатып алушымен жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметін сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметінің көлемінен аз болып шықса, онда энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметінің бұл көлемі аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Осы тармақтың б) тармақшасында көрсетілген энергия өндіруші ұйымдардың меншікті тұтынуының электр қуатының есептік жылдағы ең жоғары мәні және энергия өндіруші ұйымдардың құрамына кіретін жылу электр орталықтарының генерациялайтын қондырғыларының (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде) есептік жылдағы ең жоғары электр қуатының мәні тиісті аттестаттаудың нәтижелері бойынша тіркелген, олардың құрамына кіретін электр станцияларының меншікті қажеттіліктерінің электр қуаттары мәндерінің сомасы шегеріле отырып есепке алынады.

Энергия өндіруші ұйымның жиынтық шегерілетін электр қуаты жоғарыда көрсетілген өзгеріс жоспарланып отырған есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) жиырмасыншы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай сатып алушыға тиісті өтінім берген жағдайда, аттестатталған электр қуатының және энергия өндіруші ұйымның жиынтық электр қуатының айырмасы мәні шегінде өзгертілуге жатады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. Осы Қағидалардың 25-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты ретінде осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт (шарттар) бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі (көлемдері) пайдаланылады.

Осы Қағидалардың 25-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты ретінде осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт (шарттар) бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі (көлемдері) пайдаланылады.

Осы Қағидалардың 25-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген экспорттың есеп айырысу жылындағы ең жоғары электр қуатына энергиямен жабдықтаушы ұйым (ұйымдар) арқылы экспорттың есеп айырысу жылындағы ең жоғары электр қуаты да қосылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Энергия өндіруші ұйым бірыңғай сатып алушымен осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шартты (шарттарды) жасасу үшін энергия өндіруші ұйым 1 қарашаға дейін бірыңғай сатып алушыға осы шарттардың

мынадай параметрлері: меншікті тұтынудың электр қуатының есеп айырысу жылындағы ең жоғары мәні және экспорттың электр қуатының есеп айырысу жылындағы ең жоғары мәні туралы ақпарат жібереді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар шеңберінде энергия өндіруші ұйым мыналарды жүзеге асырады:

1) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын тұрақты әзірлікте ұстау;

2) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

3) энергия өндіруші ұйымның, оның ішінде электр станциясының әрбір генерациялайтын қондырғысы бойынша бөлек, кезекті немесе кезектен тыс аттестаттаудан өткен күнін қоспағанда, жүйелік операторға электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жоғарылатуға және төмендеуге теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді күн сайын беру.

0-ге тең көлем кезінде төмендетуге немесе арттыруға теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беру талап етілмейді;

3-1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді орындау;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жиілік пен қуатты бастапқы және қайталама реттеу жүйелерін тұрақты әзірлікте ұстау (бұл ретте, энергия өндіруші ұйымды жиілік пен қуатты қайталама реттеуге тарту энергия өндіруші ұйымның келісімі бойынша жүргізіледі);

5) күн сайын, ағымдағы тәулікте сағат 8:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша), жүйелік операторға алдағы жоспарлау тәуліктеріне энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін электр станцияларының генерациясының жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері туралы ақпарат беру, бұл ретте алдағы тәулік ішінде осы электр станцияларының генерациялайтын жабдығын жөндеуден шығарған жағдайда (жабдықты жөндеуге шығару туралы жүйелік операторға тиісті өтінім болған жағдайда) осы ақпаратты бір рет (тәулігіне бір рет) түзетуге, сондай-ақ жүйелік операторға Қазақстан Республикасы Су кодексінің 40-бабына сәйкес су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияларынан тиісті тәулік ішінде келіп түскен осы электр станцияларының су режимінің өзгеруі туралы өкімнің көшірмесін берген жағдайда, осы ақпаратты қосымша түзетуге жол беріледі;

6) Жүйелік операторға генерацияның ағымдағы электр қуатының, желіге босатудың ағымдағы электр қуатының және меншікті тұтынудың ағымдағы электр қуатының мәндері туралы телеметриялық ақпарат беру;

7) жүйелік операторға жоспарлаудың тиісті тәуліктеріне берілген, энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін электр станцияларының генерациясының жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдарының мәндері туралы ақпарат бойынша айқындалатын техникалық мүмкіндік шегінде генерациялау режимін сағаттық жоспарлау;

8) ай сайын, есеп айырысу айының алдындағы айдың соңғы күніне дейін, жүйелік операторға алдағы есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) әрбір тәулігіне генерацияның ықтимал электр қуатының мәндері туралы ақпаратты ұсыну және осы ақпаратты жүйелік оператормен келісу (бірыңғай сатып алушымен осы Қағидалардың 11-тармағының 6) тармақшасына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасқан энергия өндіруші ұйымдар үшін, сондай-ақ тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін (құрамына қалаларды күзгі-қысқы кезеңнен өту кезеңінде орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары ғана кіретін).

Жүйелік операторға берілген және осы тармақтың 8) тармақшасына сәйкес жүйелік оператормен келісілген энергия өндіруші ұйымның генерациясының ықтимал электр қуатының мәні көрсетілген мәндерге бір рет түзету жол берілетін жылыту кезеңі басталған (аяқталған) айдан басқа, олар берілген есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) ішінде түзетуге жатпайды, бұл ретте, осы түзету энергия өндіруші ұйымның тиісті хаты (жүйелік оператордың атына) және жүйелік оператордың тиісті келісімі негізінде жүзеге асырылады және көрсетілген айдың жылыту кезеңі басталған (аяқталған) күннен басталатын бөлігі үшін ғана қолданылады.

Энергия өндіруші ұйым жүйелік операторға осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген мерзімде алдағы есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) әрбір тәулігіне генерациялаудың ықтимал электр қуатының мәндері туралы ақпаратты бермеген не осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген мерзімде көрсетілген ақпаратты (оны жүйелік операторға ұсынғаннан кейін) жүйелік оператормен келіспеген жағдайда, жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымның жиынтық электр қуаты мен энергия өндіруші ұйымның тиісті күнтізбелік жылдың электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің қосындысының мәніне тең генерациялаудың жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдардың ведомосіне энергия өндіруші ұйымның генерациясының ықтимал электр қуатының мәнін (алдағы күнтізбелік ай үшін) қосады.

Энергия өндіруші ұйым осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген мерзімде алдағы тәуліктерге жүйелік операторға оның құрамына кіретін электр станциялары

генерациясының жұмыс электр қуатының мәні туралы ақпаратты ұсынбаған не осы ақпаратты жүйелік оператормен келіспеген жағдайда (оны жүйелік операторға ұсынғаннан кейін), жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымның жиынтық электр қуаты мен энергия өндіруші ұйымның тиісті күнтізбелік жылдың электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің қосындысының мәніне тең генерациялаудың жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдардың ведомосіне энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялаудың жұмыс электр қуатының мәнін (алдағы тәуліктерге) қосады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

29. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Жүйелік оператор есептік кезеңнің қорытындылары бойынша k_4 коэффициенті 0,5-тен кем болған жағдайда немесе энергия өндіруші ұйымның бастамасы бойынша энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын кезектен тыс аттестаттауды Аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Егер энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын кезектен тыс аттестаттаудан өткізу нәтижелері бойынша оның аттестатталған электр қуаты желіге босатудың тиісті жиынтық электр қуатынан кем болған жағдайда, онда ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі төмендеу көлеміне (бұдан әрі – төмендеу) төмендетуге жатады, бұл ретте төмендеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезекте төмендеу көлеміне, осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі төмендейді;

2) егер төмендеу көлемі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі төмендейді;

3) егер төмендеу көлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қызметтер көлемінің сомасынан асып кеткен жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі төмендейді;

4) егер төмендеу көлемі осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі азаяды;

4-1) төмендеу көлемі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен кезде осы Қағидалардың 11-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі азаяды;

5) егер төмендеу көлемі осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі азаяды;

6) егер төмендеу көлемі тармақшада көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен жағдайда 1), 2), 3), 4) және 5) осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі азаяды Энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы тиісті шарттарға төмендетуге қатысты өзгерістер енгізуді (бұдан әрі – Төмендетуге өзгерістер

) бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператордан энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуаты туралы тиісті жазбаша ақпаратты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Төмендетуге өзгерістерді қолданысқа енгізу күні энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының тиісті кезектен тыс Аттестаттауларының соңғысы жүргізілген айдың бірінші күні белгіленеді.

Төмендетуге өзгерістер олар қолданысқа енгізілген жылдың отыз бірінші желтоқсанына дейін қолданылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

36. Егер кезекті Аттестаттауды жүргізу нәтижесінде жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті Аттестаттау өткізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Егер кезекті Аттестаттауды жүргізу нәтижесінде отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі іс-шаралар шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті Аттестаттау өткізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Егер кезекті Аттестаттау жүргізу нәтижесінде генерацияның маневрлік режимі бар пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап

тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті Аттестаттау өткізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Егер кезекті Аттестаттауды жүргізу нәтижесінде тендер негізінде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті Аттестаттау өткізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген көрсетілетін қызметтің көлемін төмендету осы Шартқа бірыңғай сатып алушының тиісті түзетулерін енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы тиісті шартқа түзетулерді бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператордан жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға және баламалы отын түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісім және маневрлік генерациялау режимі бар пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар және тендерлік негізде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар салумен пайдалануға берілетін қондырғылар шеңберінде пайдалануға енгізілетін энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының құрамына кіретін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатын көрсете отырып, энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуаты туралы жазбаша түрде тиісті ақпарат алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді.

Бірыңғай сатып алушы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы тиісті шартқа енгізген түзетулер тиісті кезекті энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларын аттестаттау жүргізілген айдың бірінші күнінен бастап бастап қолданысқа енгізіледі және жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға және баламалы отын түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісім және маневрлік генерациялау режимі бар пайдалануға берілетін генерациялайтын

қондырғылар және тендерлік негізде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар салумен пайдалануға берілетін қондырғылар шеңберінде пайдалануға енгізілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын кезекті аттестаттау өткізілетін күн басталғанға дейін қолданылады.

Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға және баламалы отын түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейтуге арналған инвестициялық келісім және маневрлік генерациялау режимі бар пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар және тендерлік негізде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар салумен пайдалануға берілетін қондырғылар шеңберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау Аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімде және отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейту жөніндегі инвестициялық келісімде (бұдан әрі – Келісім) белгіленген мақсатты индикаторларға қол жеткізбеген жағдайда, уәкілетті орган осы Келісімді бұзады не Жүйелік операторды хабардар ете отырып, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдерін өзгертуі мүмкін.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Егер уәкілетті орган энергия өндіруші ұйыммен Келісімді бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган бірінші мамырға дейін осы шешім туралы бірыңғай сатып алушыны және Жүйелік операторды жазбаша хабардар етеді.

Егер уәкілетті орган Келісімде көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметке жеке тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдерін өзгерту туралы шешім қабылдаса, уәкілетті орган бірінші мамырға дейін осы шешім туралы бірыңғай сатып алушыны және Жүйелік операторды жазбаша хабардар етеді.

Бірыңғай сатып алушы уәкілетті органнан тиісті хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Жүйелік операторды хабардар ете отырып, Келісім негізінде жасалған электр өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу туралы шартты бұзу немесе оған өзгерістер енгізуді жүзеге

асырады. Осы шартқа енгізілген өзгерістер ағымдағы есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және олар қолданысқа енгізілген жылдан кейінгі жылдың бірінші мамырына дейін қолданыста болады.

40. Энергия өндіруші ұйым жүйелік операторға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) (бұдан әрі – Теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеу қағидалары) сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жоғарылату үшін теңгерімдеуге қатысу туралы өтінімді (бұдан әрі – жоғарылатуға арналған өтінім) күн сайын береді.

Бұл ретте жоғарылатуға арналған өтінімде көрсетілетін жоғарылатуға теңгерімдеудің минималды рұқсат етілетін шамасы мына формула бойынша МВт-пен операциялық тәуліктердің әрбір сағаты үшін жеке анықталады:

$OZ_{\text{жоғарыл}} = \min((P_{\Sigma} + P_{\text{қамт}}); R_{\text{жұмыс}}; P_{\text{мәлім}}) - P_{\text{ген.}} - P_{\text{қайта.рет.}}$, мұндағы:

$OZ_{\text{жоғарыл}}$ – операциялық тәуліктің тиісті сағаты үшін жоғарылатуға теңгерімдеудің минималды рұқсат етілетін шамасы, МВт;

$\min((P_{\Sigma} + P_{\text{қамт.}}); R_{\text{жұмыс}}) - \text{мәндердің ең азы } (P_{\Sigma} + P_{\text{қамт.}}) \text{ және } R_{\text{жұмыс}}$, МВт;

$(P_{\Sigma} + P_{\text{қамт}}) - P_{\Sigma}$ және $P_{\text{қамт.}}$ қосындысы., МВт;

P_{Σ} – тиісті күнтізбелік жылдың жиынтық электр қуаты, МВт;

$P_{\text{қамт}}$ – электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі;

$P_{\text{мәлім}}$ - энергия өндіруші ұйым электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатуға мәлімдеген көлем;

$R_{\text{жұмыс}}$ – генерациялаудың, технологиялық және техникалық минимумдардың жұмыс электр қуаттарының ведомосіне сәйкес ағымдағы тәуліктің тиісті сағатына энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялаудың жұмыс электр қуатының мәні, МВт;

$P_{\text{ген}}$ – операциялық тәуліктің тиісті сағатына энергия өндіруші ұйымдардың электр станциялары генерациясының электр қуатының жоспарлы жиынтық мәні, МВт;

$P_{\text{қайта.рет.}}$ – жиілік пен қуатты қайта реттеу бойынша қосалқы көрсетілетін қызметтер көлемі, оның ішінде жүйелік операторға энергия өндіруші ұйым көрсететін жиілік пен қуатты автоматты реттеу арқылы, МВт;

Бұл ретте егер жоғарылатуға арналған өтінім көлемін айқындау нәтижесінде оның мәні теріс болса, онда жоғарылатуға арналған өтінім көлемінің мәні нөлге теңеледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Энергия өндіруші ұйым күн сайын жүйелік операторға Теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеу қағидаларына сәйкес электр энергиясын теңгерімдеуші нарықта төмендетуге теңгерімдеуге қатысу үшін өтінім береді.

Бұл ретте өтінімде көрсетілген төмендетуге теңгерімдеу шамасы мына формула бойынша операциялық тәуліктің әр сағаты үшін жеке айқындалады:

$OZ_{\text{төменд}} = P_{\text{ген.}} - P_{\Sigma_{\text{мин}}} - P_{\text{қайта.рет.}}$, мұндағы:

$OZ_{\text{төменд}}$ - операциялық тәуліктің тиісті сағаты үшін төмендетуге теңгерімдеу шамасы, МВт;

$P_{\text{ген}}$ - операциялық тәуліктің тиісті сағатына жоспарлы, электр өндіруші ұйымдар электр станциялары генерациясының электр қуатының жиынтық мәні, МВт;

$P_{\Sigma_{\text{мин}}}$ - операциялық тәуліктің тиісті сағаты үшін орташадан көп осы электр станцияларының өнеркәсіптік тұтынушыларын бұмен жабдықтауды есепке алып, энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының технологиялық және техникалық минимумдары мәнінің қосындысы, МВт;

$P_{\text{қайта рет}}$ - жиілік пен қуатты қайта реттеу бойынша қосалқы қызметтер көлемі, оның ішінде жиілік пен қуатты автоматтандырылған реттеу арқылы жүйелік операторға энергия өндіруші ұйым көрсететін қызмет, МВт.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Жоғарылатуға арналған өтінім іске қосылу сәтіне өтінімде көрсетілген теңгерімдеу көлемінің және осы өтінімді орындау процесінде энергия өндіруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздіктің оң айырмасы өтінімде көрсетілген теңгерімдеу көлемінен 10 %-дан асқан кезде не Теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларында белгіленген тәртіппен теңгерімдеуші нарық жүйесінде алынған хабарламада өтінімді орындау мүмкіндігі расталмаған кезде жүйелік оператор іске қосқан энергия өндіруші ұйымның жоғарылатуға арналған өтінімі орындалмаған деп есептеледі.

Төмендетуге арналған өтінім іске қосылу сәтіне өтінімде көрсетілген теңгерімдеу көлемінің және осы өтінімді орындау процесінде энергия өндіруші ұйым жасаған оң теңгерімсіздіктің оң айырмасы өтінімде көрсетілген теңгерімдеу көлемінен 10 %-дан асқан кезде не Теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларында белгіленген тәртіппен теңгерімдеуші нарық жүйесінде алынған хабарламада өтінімді орындау мүмкіндігі расталмаған кезде жүйелік оператор іске қосқан энергия өндіруші ұйымның төмендетуге арналған өтінімі орындалмаған деп есептеледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттары жөніндегі электр қуатының әзірлігін ұстап тұру

бойынша көрсетілетін қызмет көлемі (бұдан әрі – ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі) мына формулалар бойынша ондыққа дейінгі дәлдікпен есептеледі:

тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кірмейтін энергия өндіруші ұйымдар үшін:

$$QH = QSh * k1 * k2 * \min(k3; k4) * k8 * k9 * k10 + \min(Qoc; (P_{Qoc} * \Omega)), \text{ мұндағы:}$$

QH – энергия өндіруші ұйымның электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алудың барлық қолданыстағы шарттары жөніндегі ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

QSh – ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

k1, k2, k3, k4, k8, k9 – бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуға шарт (шарттар) немесе электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт (шарттар) жасасқан әрбір энергия өндіруші ұйым үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік ай) қорытындысы бойынша жүйелік оператор айқындайтын өлшемсіз коэффициенттер;

$\min(k3; k4)$ – есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік ай) қорытындысы бойынша k3 және k4 коэффициенттерінің ішіндегі ең азы;

k10 – осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуға бірыңғай сатып алушымен шарт жасасқан бірақ орталықтандырылған сауда-саттықта мәлімделген барлық көлемді өткізбеген энергия өндіруші ұйымдар үшін осы Қағидаларға берілген 2-қосымшаға сәйкес есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша бірыңғай сатып алушы айқындайтын өлшемсіз коэффициент;

Qoc – осы Қағидалардың 10-1-тармағына сәйкес айқындалатын энергия өндіруші ұйымның асып кетуінің мәні, МВт, жүздіктерге дейін дөңгелектенеді;

P_{Qoc} – тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін қамтамасыз ету бойынша көлемді ұлғайту мәні, МВт, жүздіктерге дейін дөңгелектенеді;

W – i-ші энергия өндіруші ұйымның асып кету мәнінің үлесі, мынадай формула бойынша жүздіктерге дейінгі дәлдікпен есептеледі:

$$\Omega = \frac{Qoc}{\sum_{k=1}^z Qoc_k};$$

, мұндағы:

k – 1-ден z-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

z – электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті толық сатуды жүзеге асырмаған энергия өндіруші ұйымдардың саны;

тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін:

$$QH = QSh - (QSh + QShg) * (1 - k2 * \min(k3; k4) * k6 * k8 * k9), \text{ мұндағы:}$$

QH – энергия өндіруші ұйымның электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алудың барлық қолданыстағы шарттары жөніндегі ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

QSh – ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемі, МВт;

QShg – электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемі, МВт;

1 – шарттық көлемді білдіретін коэффициент;

k2, k3, k4, k6, k8, k9 – бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға шарт (шарттар) немесе электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт (шарттар) жасасқан әрбір энергия өндіруші ұйым үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік ай) қорытындысы бойынша жүйелік оператор айқындайтын өлшемсіз коэффициенттер;

$\min(k3; k4)$ – есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік ай) қорытындысы бойынша k3 және k4 коэффициенттерінің ішіндегі ең азы.

k1, k2, k3, k4, k6, k8, k9 коэффициенттерінің мәнін жүйелік оператор:

1) растайтын есептеулерімен бірге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті акті түрінде тиісті есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде бірыңғай сатып алушыға;

2) осы энергия өндіруші ұйымның тиісті сұрау салуының негізінде растаушы есептеулерімен бірге k1, k2, k3, k4, k6, k8, k9, коэффициенттерінің оған сәйкес келетін мәндері туралы ақпарат түрінде электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуға шартты (шарттарды) және электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге шартты (шарттарды) бірыңғай сатып алушымен жасасқан энергия өндіруші ұйымға береді.

k10 коэффициентінің мәнін бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуға шарт жасасқан және орталықтандырылған сауда-саттықта мәлімделген барлық көлемді өткізбеген энергия өндіруші ұйымның тиісті сұрау салуы негізінде жүйелік оператор осы тармақтың

жиырма төртінші бөлігіне сәйкес ақпарат бергеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бірыңғай сатып алушы растайтын есептері бар ақпарат түрінде ұсынады.

Қажет болған жағдайда энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттар жөніндегі ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес, сондай-ақ жүйелік оператор қандай да бір энергия өндіруші ұйымның өлшемсіз коэффициенттерінің мәндерін өзгерткен кезде түзетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Егер осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес есептелген энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттары бойынша ұстап тұру бойынша қызметтердің нақты көлемі қолдау бойынша қызметтердің шарттық көлеміне тең болса, энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы әр қолданыстағы шарт бойынша ұстап тұру бойынша қызметтердің нақты көлемі осы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер көлеміне теңестіріледі.

45. Егер осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес есептелген энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттар бойынша ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен аз болған жағдайда, энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттар бойынша ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі мен ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемінің арасындағы айырмашылықтың мәні(бұдан әрі – толық жеткізбеу) мынадай басым тәртіппен:

1) осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен.

2) осы Қағидалардың 11-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен.

3) осы Қағидалардың 11-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен.

4) осы Қағидалардың 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен.

4-1) осы Қағидалардың 11-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен;

5) осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен.

б) осы Қағидалардың 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жасалған шарттық көлемнен шегеріледі.

Егер толық жеткізбеу осы тармақтың 2) және (немесе) 4) тармақшаларында көрсетілген шарт (шарттар) бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен (көлемдерінен) асқан жағдайда, аталған шартқа (шарттарға) сәйкес келетін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі (көлемдері) нөлге теңестіріледі.

Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар үшін есеп осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша ғана жүргізіледі. Бұл ретте, бірінші шарттың айырмашылығының мәні теріс болған жағдайда, осы шарттың 2) тармақшасында көрсетілген шарт бойынша ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі нөлге теңестіріледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 15.02.2023 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

46. Бірыңғай сатып алушы төлеуге жататын энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы қолданыстағы шарттарды қолдау бойынша қызметтердің нақты көлемдері туралы ақпаратты тиісті есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде энергия өндіруші ұйымның бірыңғай сатып алушысы береді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Қуат нарығы тұтынушыларының электр қуатының нарығына қатысуы

47. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын, қуат нарығын тұтынушылар тізбесіне енгізілген және (немесе) жүйелік оператор әзірлеген алдағы жылға арналған электр қуатына болжамды сұранысқа енгізілген энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылар Заңның 12-бабының 6-тармағына сәйкес шарт жасасады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Заңның 15-3-бабы 2-тармағының бірінші абзацына сәйкес көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылар тұтынуға арналған болжамды өтінімдерді қалыптастырады, онда өздерінің құрамында меншік, жалдау құқығындағы немесе өзге де заттай құқықтағы генерациялайтын көздердің электр қуаты есебінен жабылмайтын, алдағы

және келесі күнтізбелік жылдардың әрбір айына импортталатын электр қуатын есепке алмай, тұтыну электр қуатының максималды мәндерін (бұдан әрі – тұтынудың максималды айлық қуаты) көрсетеді және оларды есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей жүйелік операторға жібереді. Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өздерінің болжамды өтінімдерінде осы энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электрмен жабдықтау қызметін көрсетуді жоспарлаған электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері болып табылатын тұтынушыларға тиесілі максималды айлық тұтыну қуаттарының бөлігін ғана көрсетеді.

Көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын және тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін тұтынушылар тұтынуға арналған болжамды өтінімдерді қалыптастырады, онда өздерінің құрамында меншік, жалдау құқығындағы немесе өзге де заттай құқықтағы генерациялайтын көздердің электр қуаты есебінен, сондай-ақ өздерімен бірге тиісті тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдардың электр қуаты есебінен жабылмайтын, алдағы және келесі күнтізбелік жылдардың әрбір айына импортталатын электр қуатын есепке алмай, тұтынудағы электр қуатының максималды мәндерін (бұдан әрі – тұлғалар тобының тұтынушылары үшін тұтынудың максималды айлық қуаты) көрсетеді және оларды есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей жүйелік операторға жібереді.

Осы тармақта көрсетілген тұтынуға арналған болжамды өтінімдер осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 29.04.2022 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Тұтынуға арналған болжамды өтінімде қуат нарығының тиісті тұтынушысы орналасқан Қазақстан Республикасының облысы көрсетіледі.

Бұл ретте егер қуат нарығы тұтынушысы электр энергиясын тұтынуды Қазақстан Республикасының екі немесе одан көп облыстарында жүзеге асырса, онда тұтынуға болжамды өтінімде қуат нарығының тұтынушысы барлық Қазақстан Республикасы бойынша жиынтықта да, оның облыстары бойынша бөліністе де тұтынудың максималды айлық қуатын (тұлғалар топтары тұтынушылары үшін тұтынудың максималды айлық қуаты) көрсетеді.

Тұтынудың максималды айлық қуаты (тұлғалар топтары тұтынушылары үшін тұтынудың максималды айлық қуаты) тұтынуға болжамды өтінімде ондықтарға дейінгі дәлдікпен МВт-да көрсетіледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Тұтынуға болжамды өтінімде көрсетілетін тұтынудың максималды айлық қуаты (тұлғалар топтары тұтынушылары үшін тұтынудың максималды айлық қуаты) мынадай айқындалады:

- 1) энергия беруші ұйымдарды және өнеркәсіптік кешендерді қоспағанда, қуат нарығының барлық тұтынушылары үшін – ішінара орташалау әдісін есепке алып;
- 2) энергия беруші ұйымдар үшін – толық орташалау әдісін есепке алып;
- 3) өнеркәсіптік кешендер үшін – аралас орташалау әдісін есепке алып көрсетіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартта алдағы күнтізбелік жылға белгіленген жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемі (бұдан әрі - қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемі) алдағы күнтізбелік жылға осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылда берілген және болжамды сұранысқа енгізілген тұтынуға тиісті болжамды өтінімде көрсетілген тұтынатын максималды электр қуаты болып табылады.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығы нарығында жаңадан құрылған тұтынушы ағымдағы жылға тұтынуға арналған өтінімді және келер жылға тиісті жүкті көтеру үшін электр энергиясының қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету бойынша келісім-шарт жасасуға тиісті келіп түскен өтінімді ұсынады және электр энергиясына нарыққа қатысады.

52. Қажет болған жағдайда, қуат нарығының тұтынушылары қамтамасыз ету бойынша шарттық көлем белгіленген күнтізбелік (есеп айырысу) жыл ішінде бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің ресми бланкісінде қамтамасыз ету бойынша қызметтік шарттық көлемін ұлғайтуға өтінім (бұдан әрі – ұлғайтуға өтінім) береді.

Ұлғайтуға өтінімді қуат нарығының тұтынушысы желтоқсан айынан басқа, ағымдағы есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) соңғы күнінен кешіктірмейтін мерзімде береді.

Егер ұлғайтуға өтінімді қуат нарығының тұтынушысы осы тармақтың бірінші және екінші бөлімдеріне сай берген жағдайда, бірыңғай сатып алушы жүктемені арттыруға электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуге арналған тиісті шартқа қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізеді, бұл өзгерістер алдағы есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

53. Қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің азаю жағына өзгеруіне мынадай жағдайларды қоспағанда жол берілмейді:

1) электр энергиясын тұтынушы Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, энергиямен жабдықтаушы бір ұйымнан (бұдан әрі - бірінші ЭЖҰ) энергиямен жабдықтаушы басқа ұйымға (басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға) (бұдан әрі - басқа ЭЖҰ) ауысуға;

2) тұтынудың максималды қуаты энергиямен жабдықтаушы ұйымның қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемінде ескерілген электр энергиясының бөлшек нарығы субъектісін Жүйелік оператордың интернет-ресурсына орналастыраған қуат нарығы тұтынушыларының тізбесіне енгізген және олардың бірыңғай сатып алушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасуға;

3) қуат нарығының екі тұтынушысы арасында қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін ішінара немесе толық беру туралы келісім жасасуға;

4) 01.01.2021 дейін қолданыста болды – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 бұйрығымен.

5) алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға арналған электр қуатының болжамды сұранысында ескерілген қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің ең жоғары мәнін қуат нарығы тұтынушыларының тізбесіндегі басқа тұтынушыға беру туралы келісім жасалған кезде көтерме сауда нарығы субъектісінің алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға арналған электр қуатының болжамды сұранысына енгізілген қуат нарығын тұтынушылар тізбесінен алып тастауды қамтиды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

54. Осы Қағидалардың 53-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде бірінші ЭЖҰ-ны қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі электр энергияны тұтынушының электр қуатының келесідей екі ең аз мәні шегінде азайтылады: бірінші ЭЖҰ-ны қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінде ескерілген мәндер және осы тұтынушының электр энергиясын көрсетілген ауысуына тікелей байланысты басқа (басқа) ЭЖҰ-ны қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің (шарттық көлемдерінің) ұлғаю бөлігіне тең мәндер.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде энергиямен жабдықтаушы ұйымды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі қуат нарығының көрсетілген тұтынушысының электр қуатының келесідей екі ең аз мәні шегінде азайтылады: энергиямен жабдықтаушы ұйымды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінде ескерілген мәндер және және осы тұтынушыны қуат нарығымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің мәні.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде қуат нарығының тиісті (екі) тұтынушыларын қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемдері бірдей мәнге (абсолюттік мәнде) өзгереді. Бұл ретте, қуат нарығын беруші тұтынушыда қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі азаю жағына өзгереді (азаяды), қуат нарығын қабылдайтын тұтынушыда қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі арту жағына өзгереді (ұлғаяды).

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Осы Қағидалардың 53-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемдерін азайту тиісті энергиямен жабдықтаушы ұйымның бірыңғай жеткізушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресми бланкіде ағымдағы күнтізбелік жылға белгіленген оның қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін азайтуға өтінім (бұдан әрі – азайтуға өтінім) беру арқылы жүзеге асырады.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін азайту тиісті энергиямен жабдықтаушы ұйымның бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресми бланкіде азайтуға өтінім беруі арқылы жүзеге асырылады.

Азайтуға өтінім қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің тиісті шарттық көлемі белгіленген күнтізбелік жыл ішінде тиісті есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) соңғы күнінен кешіктірмей беріледі.

Егер азайтуға өтінім осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес берілген жағдайда, бірыңғай сатып алушы тиісті шартқа электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартқа осы Қағидалардың 54-тармағын ескере отырып, оның қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетудің шарттық көлемін азайту бөлігінде өзгерістер енгізеді, олар аталған азайтуға өтінім берілген есеп айырысу кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі есеп айырысу кезеңнің (күнтізбелік айдың) бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55-1. Осы Қағидалардың 53-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін өзгерту бірыңғай сатып алушыға қуат нарығының тиісті (екі) тұтынушыларының осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемін (ағымдағы күнтізбелік жылға белгіленген) өзгертуге өтінімді (бұдан әрі – өзгертуге арналған өтінім) бірлесіп беруі арқылы жүзеге асырылады.

Өзгертуге арналған өтінім қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінің деректерін өзгерту жоспарланып отырған есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) соңғы күнінен кешіктірмей қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің тиісті шарттық көлемі белгіленген күнтізбелік жыл ішінде беріледі.

Осы Қағидалардың 53-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің ең жоғары мәнін өзгерту бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қуат нарығының тиісті (екі) тұтынушыларының қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің ең жоғары мәнін (алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға болжамды сұраныста ескерілген) өзгертуге өтінімді (бұдан әрі – көлемінің ең жоғары мәнін өзгертуге өтінім) бірлесіп беруі арқылы жүзеге асырылады.

Көлемінің ең жоғары мәнін өзгертуге өтінім ағымдағы күнтізбелік жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірілмей беріледі.

Егер өзгертуге арналған өтінім осы тармақтың бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес берілсе бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 54-тармағын ескере отырып, электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған тиісті шарттарға қуат нарығын тұтынушысы тиісті өтінім берілген есептік кезең (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей өзгерістер енгізеді, бұл өзгерістер көрсетілген өзгертуге арналған өтінім берілген есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Егер көлемнің ең жоғары мәнін өзгертуге арналған өтінім осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес берілсе бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 54-тармағын ескере отырып, қуат нарығының тұтынушысы тиісті өтінім берген есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей алдағы жылға қуат нарығының қабылдаушы тұтынушымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шартқа өзгеріс енгізеді, бұл өзгерістер көрсетілген өзгеріске өтінім берілген есептік кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) бірінші күнінен бастап күшіне енеді. Бұл ретте беруші тұтынушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуге арналған шарт алдағы жылға жасалмайды.

Ескерту. 55-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

55-2. 01.01.2021 дейін қолданыста болды – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 бұйрығымен.

56. Электр энергиясы нарығында электр энергиясын сатып алу (сатып алу) (бұдан әрі - сатып алу) қуат нарығын тұтынушымен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай сатып алушымен жасалған шарт болған және қуат нарығын тұтынушының электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке ақы төлеу шарттарын бұзуы болмаған кезде жүзеге асырылады.

Электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге бірыңғай сатып алушымен жасалған қуат нарығын тұтынушыда шарт болмаған кезде немесе қуат нарығын тұтынушыда электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтер үшін берешек болған кезде, Бірыңғай сатып алушы Жүйелік операторға электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде алдағы тәуліктің әрбір сағатына электр энергиясын өндіру-тұтыну бойынша осы тұтынушының өтінімдерін қабылдамау қажеттігі туралы хабарлайды. Берілген ақпараттың негізінде Жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигін қалыптастыру кезінде осы тұтынушының алдағы тәуліктің әрбір сағатына электр энергиясын өндіру-тұтыну жөніндегі өтінімдерін қабылдамайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Көтерме нарық субъектісі болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша бірыңғай сатып алушының қызметін ай сайын бірыңғай сатып алушы есептелген күнтізбелік жыл ішінде тіркелген баға бойынша осы қызметті жеткізу айы аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей төлейді.

Сонымен қатар, осы Қағидалардың 59-тармағына сәйкес есептелген электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін сома қуат нарығын тұтынушылар тарапынан төлеуге жатады.

Бұл ретте, қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көрсетілген көлемі электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсетуге арналған шартта көрсетілген көлемнен кем болмауы тиіс.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерге төлемнің нақты шамасын бірыңғай сатып алушы бірыңғай сатып алушының есепті кезеңде (күнтізбелік айда) нақты көрсеткен осы Қағидалардың 61-тармағына сәйкес айқындалған жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлеміне қарай қуат нарығының әр тұтынушысы үшін жеке айқындайды.

59. Қуат нарығының тұтынушысына есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік айда) бірыңғай сатып алушы жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтің нақты көлемі (бұдан әрі – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі) мына формулалар бойынша ондықтарға дейінгі дәлдікпен есептеледі:

электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын және тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген, тұлғалар тобына кірмейтін энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар үшін:

$$НК = (ШК + n_0 * (D_0 - 0,05 * ШК)),$$

мұндағы:

НК – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

ШК – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

n_0 – D_0 -ға тәуелді өлшемсіз коэффициент:

1) $n_0 = 0$, егер D_0 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 5,0 пайыз аспаған жағдайда;

2) $n_0 = 1,3$, егер D_0 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 5,1-ден 20,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

3) $n_0 = 1,5$, егер D_0 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 20,1-ден 40,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

4) $n_0 = 1,7$, егер D_0 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 40,1-ден 50,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

5) $n_0 = 2,0$, егер D_0 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 50,0 пайызға асқан жағдайда;

D_0 – есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің тиісті шарттық көлемінен қуат нарығының тұтынушысы тұтынатын электр қуатының асып кеткен нақты максималды мәні, МВт;

0,05 – қуат нарығының тұтынушысы үшін ауытқу диапазоны;

электр энергиясы көтерме нарығы субъектілері болып табылатын және тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін тұтынушылар үшін:

$$НК = ШК + n_1 * D_1, \text{ мұнда:}$$

НК – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

ШК – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

n_1 – D1 -ге тәуелді өлшемсіз коэффициент, мұнда:

1) $n_1 = 0$, егер D1 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 5,0 пайыз аспаған жағдайда;

2) $n_1 = 1,3$, егер D1 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 5,1-ден 20,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

3) $n_1 = 1,5$, егер D1 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 20,1-ден 40,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

4) $n_1 = 1,7$, егер D1 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 40,1-ден 50,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрса;

5) $n_1 = 2,0$, егер D1 қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемінен 50,0 пайыздан асқан жағдайда;

D1 - электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын және тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін тұтынушының электр қуатын тұтынудың есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты ең жоғары мәнінен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің тиісті шарттық көлемінің және онымен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар нақты көрсеткен сомасынан асып кету мәні адамдар топтарының, олардың арасындағы электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы екіжақты шарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көлемдерінің тізілімі, МВт, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Delta_1 = NM - \left(ШК + \sum_{i=1}^n \frac{\Phi_{Пг.і}}{1.1} * \frac{D_i}{ШК_{г.і}} \right), \text{ онда}$$

NM – тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін және электр энергиясы көтерме нарығы субъектілері болып табылатын тұтынушының электр қуатын тұтынуы мәнінің есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) нақты максималды мәні, МВт;

ШК – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

$НК_{г.і}$ – аталған энергия өндіруші ұйымның электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі барлық қолданыстағы екі жақты шарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) осы Қағидалардың 91-тармағына сәйкес белгіленетін і-ші энергия өндіруші ұйым нақты көрсеткен көлемі, МВт;

$ШК_{г.і}$ – і-ші энергия өндіруші ұйым электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсететін қызметтердің шарттық көлемі, МВт;

Ді – тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін және электр энергиясы көтерме нарығы субъектісі болып табылатын тұтынушы і-ші энергия өндіруші ұйыммен жасаған электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша екі жақты шартта белгіленген электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, МВт;

n – тұлғалар тобы тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін және электр энергиясы көтерме нарығы субъектісі болып табылатын тұтынушы электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша екі жақты шарт жасаған энергия өндіруші ұйымдардың саны;
i – реттік нөмірі, 1-ден n-ға дейін;

$\sum_{i=1}^n$ - i бойынша қосындысы.

Бұл ретте D1 коэффициентінің мәні теріс болған жағдайда, оның мәні нөлге тең болып қабылданады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының нақты ең жоғары мәндерін Жүйелік оператор әрбір есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша мынадай әдістер бойынша айқындайды:

1) ішінара орташалау әдісі бойынша – энергия беруші ұйымдар мен өнеркәсіптік кешендерінен басқа, қуат нарығының барлық тұтынушылары үшін. Бұл ретте осы әдісті энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қолданған кезде электрмен жабдықтауды энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жүзеге асырған электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерін тұтынудың электр қуаты ғана есепке алынады;

2) толық орташалау әдісі бойынша – энергия беруші ұйымдар үшін;

3) аралас орташалау әдісі бойынша өнеркәсіптік кешендер үшін.

Жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының нақты ең жоғары мәндері туралы тиісті есеп түрінде бірыңғай сатып алушыға есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін нақты ең жоғары қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының мәндерін береді, ол электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің есептік кезеңінде бірыңғай сатып алушы тұтынушыға нақты көрсеткен қуат нарығын есептеу үшін растайтын құжат болып табылады.

Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) қуат нарығын тұтынушының электр қуатының нақты ең жоғары мәнін айқындау кезінде пайдаланылатын электр қуатының мәндері келісілген хаттамалар бойынша электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректер базасынан Жүйелік оператордың электр

энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық деректер базасына сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері бойынша айқындалады. Жүйелік операторда электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) деректері болмаған кезде электр қуатының есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) әрбір сағаты үшін қуат нарығын тұтынушының электр қуатының нақты ең жоғары мәнін айқындау кезінде пайдаланылатын электр қуатының мәндері осы қуат нарығын тұтынушының электр энергиясын тұтыну көлемінің есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты мәнінің туындысы ретінде айқындалады, 1 (бір) сағатқа бөлінген МВт * сағ (электр энергиясын өндіру-тұтыну фактілік балансына сәйкес), және өңірдің өңірлік жүктеме бейінінің есептік кезеңіне (күнтізбелік айына) сәйкес келеді.

Жүйелік оператор өңірдің өңірлік жүктеме бейінін ай сайын есептік кезең (күнтізбелік ай) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындайды.

Жүйелік оператор есептік кезеңнен кейінгі айдың жиырмамыншы күніне дейін өзінің ресми интернет-ресурсында өңірдің өңірлік жүктеме бейінін жариялайды.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Тиісті растаушы есептермен бірге қуаттың нарық тұтынушылары төлеуге жататын қамтамасыз ету бойынша қызметтердің нақты көлемдері туралы ақпаратты бірыңғай сатып алушы тиісті есепті кезең (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап он екі жұмыс күні ішінде қуат нарығының тұтынушысына береді.

62. Бірыңғай сатып алушы мен қуат нарығы тұтынушысы арасында жасалған электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету шарты мына жағдайларда бұзылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қуат нарығының тұтынушысы таратылған жағдайда, бұл ретте энергия өндіруші ұйымдардың электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы барлық қолданыстағы шарттар бойынша қолдау қызметтерінің нақты көлемдері тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) бірыңғай сатып алушы алдында осы тұтынушының қаржылық міндеттемелерін жабу үшін қажетті тиісті шамада ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемдеріне пропорционалды төмендейді;

2) мына талаптардың барлығы орындалған жағдайда: қуат нарығы тұтынушысының электр энергиясы нарығына қатысуы тоқтатылғанда, аталған тұтынушы энергиямен жабдықтаушы ұйыммен энергиямен жабдықтау шартын жасағанда, тиісті энергиямен жабдықтаушы ұйым қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемін арттырғанда, тұтынушының бірыңғай сатып алушыға электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге шартты бұзуға өтінім (бұдан әрі

- шартты бұзуға өтінім) бергенде және аталған тұтынушының Жүйелік оператордың интернет-ресурсында орналастырылған қуат нарығы тұтынушыларының тізбесінен тиісінше шығарылғанында;

3) мына талаптардың барлығы орындалған жағдайда: қуат нарығы тұтынушысының электр энергиясы көтерме сауда нарығына қатысуы тоқтатылғанда, аталған тұтынушының бірыңғай сатып алушы алдында берешегі болмағанда, аталған тұтынушы бірыңғай сатып алушыға шартты бұзуға өтінім бергенде, аталған тұтынушының жүйелік оператордың интернет-ресурсында орналастырылған қуат нарығы тұтынушыларының тізбесінен тиісінше шығарылғанында;

4) үкіметаралық келісімде айқындалатын уәкілетті ұйымды қоспағанда, энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы тоқтатылғанда және жүйелік операторының интернет-ресурсында орналастырылған қуат нарығын тұтынушылар тізбесінен шығарылғанда.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген энергиямен жабдықтаушы ұйым осы тармақшада көрсетілген электр энергиясы көтерме сауда нарығында өзінің қатысуын тоқтатқан тұтынушының қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемінен кем емес көлемде қамтамасыз ету бойынша "шарттық" көлемді арттырады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген шартты бұзуға өтінімді қуат нарығы тұтынушысы бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген энергиямен жабдықтаушы ұйым ұлғайтуға тиісті өтінімді берген есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) жиырмасынан кешіктірмей береді.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген бұзуға арналған өтінімді қуат нарығының тұтынушысы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес бірыңғай сатып алушыға тұтынушы электр энергиясының көтерме сауда нарығына өзінің қатысуын тоқтататын есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) жиырмасынан кешіктірмей береді.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тұтынушының бірыңғай сатып алушы алдында берешегі болмауы ретінде алдыңғы есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік айлар) үшін қызметтің нақты көлемдерін төлеу бойынша берешектің болмауы және қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемін тұтынушы шартты бұзуға өтінім берген ағымдағы есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) және ағымдағы (есептік) жылдың кейінгі есеп айырысу кезеңдері (күнтізбелік айлар) үшін төлем қабылданады.

Бірыңғай сатып алушы электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге шартты осы тармақтың 2) тармақшасында 3) тармақшасында) көрсетілген барлық талаптар орындалған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде бұзады.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдай туындаған кезде әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуге арналған шарт тұтынушыны

қуат нарығы тұтынушыларының тізбесінен алып тастаған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады. Шарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін туындаған өзара есеп айырысу бөлігінде шарттық міндеттемелер толық көлемде орындалуға тиіс.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6-параграф. Орталықтандырылған сауда нарығы операторының электр қуаты нарығына қатысуы және электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

63. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы (бұдан әрі - нарық операторы) жыл сайын қараша айының екінші онкүндігінде алдағы күнтізбелік жылға электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын (бұдан әрі - сауда-саттық) ұйымдастырады және өткізеді.

64. Сауда-саттық нарық операторының интернет-ресурсына орналастырылып, электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізу кестесіне сәйкес бір жылға жеткізу (көрсету) мерзімімен біржақты аукцион нысанында нарық операторының сауда жүйесінің интернет-ресурсында қашықтықтан өткізіледі.

Сауда-саттықты өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсаты үшін сауда залында сауда-саттық ішінде сауда-саттықты кейінге қалдырған, ауыстырған жағдайда сауда-саттықты өткізгенде коммерциялық құпияны, құпия ақпаратты таратпау туралы міндеттемеге қол қойған сегіз адамнан аспайтын санда мемлекеттік органдар, қауымдастықтар және қоғамдық бірлестіктер өкілдері ішінен бақылаушылар тобының қатысуын қамтамасыз етеді.

65. Нарық операторы сауда-саттық өткізген күнге дейін кемі жеті күнтізбелік күн бұрын сауда жүйесінің интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы алда өтетін сауда-саттық туралы қатысушыларды хабардар етеді.

66. Нарық операторы шартты негізде бірыңғай сатып алушыға және нарық субъектісіне орталықтандырылған сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтерді көрсетеді.

67. Сауда-саттықты нарық операторы мына дәйектілікпен жүргізеді:

1) қатысушылары ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймағының ғана жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдары (бұдан әрі - ЭӨҰ) болып табылатын ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймақтарын байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілетін есепке алып, ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймақтары бойынша бірлескен сауда-саттықтар;

2) ҚР БЭЖ Батыс аймағының батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарын ҚР БЭЖ Батыс аймағының қатысушылары ҚР БЭЖ Батыс аймағының ЭӨҰ болып табылатын ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысымен байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілетін ескере отырып, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысы бойынша сауда-саттық;

3) ҚР БЭЖ Батыс аймағының батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарын ҚР БЭЖ Батыс аймағының ЭӨҰ қатысушылары болып табылатын ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысымен байланыстыратын электр беру желілерінің өткізу қабілетін ескере отырып, ҚР БЭЖ Батыс аймағының батыс аймағы Батыс Қазақстан және Атырау облыстары бойынша бірлескен сауда-саттық.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сауда-саттық отыз минутқа тең негізгі уақыттан және осы Қағидалардың 70-тармағына сәйкес нарық операторы ұсынатын қосымша уақыттан тұрады. Сауда-саттықтың негізгі және қосымша уақытының жалпы ұзақтығы (бұдан әрі-сауда-саттықтың жалпы уақыты) бес сағаттан аспайды.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Нарық операторы ЭҚҰ-ға мына шарттарды орындаған кезде сауда-саттыққа рұқсат етіледі:

1) ЭҚҰ Заңның 17-бабының 3-тармағына сәйкес орталықтандырылған сауда-саттық нарығына қатысу шарты жасасса;

2) ЭҚҰ нарық операторы айқындаған тәртіпте нарық операторының сауда жүйесіне тіркелуі жүзеге асырылса;

3) ЭҚҰ сауда-саттық операторының жұмыс орны сауда жүйесінің дерекқорымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін техникалық және бағдарламалық құралдармен жабдықталса;

4) нарық операторына сауда жүйесінде жұмыс бойынша нарық операторында нұсқамадан өткен ЭҚҰ сауда операторы - уәкілетті адамдарының тізімін ұсынса;

5) нарық операторына бірыңғай сатып алушы берген ақпарат осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ЭҚҰ сауда-саттығына қуатты сатудың шекті көлемі туралы ақпаратты қамтыса.

69. Сауда-саттық басталғанға дейін нарық операторы сауда жүйесіне:

1) бірыңғай сатып алушыдан алынған ҚР БЭЖ Солтүстік, Оңтүстік және Батыс аймақтарға келетін сауда көлемдері туралы ақпаратты;

2) алдағы күнтізбелік жылда желтоқсан айында жүйелі оператордан алынған ҚР БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймақтарын байланыстыратын электр беру желілерінің күтілетін өткізу қабілеті туралы ақпаратты;

3) бірыңғай сатып алушыдан алынған әр ЭӨҰ сауда-саттығында қуатты сатудың шекті көлемі туралы ақпаратты;

4) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерге шекті тарифтің мәні туралы ақпаратты енгізеді.

70. ЭӨҰ сауда-саттыққа қатысу үшін сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде нарық операторына электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатуға өтінім (бұдан әрі - сатуға өтінім) береді.

Сауда-саттықтың негізгі уақыты аяқталғаннан кейін нарық операторы сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім берген барлық ЭӨҰ осы Қағидалардың 71 және 73-тармақтарына сәйкес сатуға жаңа өтінімдер беруге қосымша мүмкіндік беретін сауда-саттық үшін ұзақтығы бес минут (бұдан әрі-сауда-саттықты бес минутқа ұзартады) қосымша уақыт береді.

Егер сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім берген ЭӨҰ-дан бес минут ішінде сатуға жаңа өтінімдер берілмеген жағдайда, нарық операторы сауда-саттықты жабады.

Егер осы бес минут ішінде сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім берген ең болмағанда бір ЭӨҰ-дан сатуға жаңа өтінім берілген жағдайда, нарық операторы сауда-саттықты, есебінің басталуы көрсетілген ЭӨҰ-ға сатуға жаңа өтінім беру және сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім берген барлық ЭӨҰ-ға осы Қағидалардың 71 және 73-тармақтарына сәйкес сатуға жаңа өтінімдер беруге қосымша мүмкіндік берілетін уақыт болып табылатын тағы бес минутқа ұзартады.

Одан әрі, Сауда-саттықты, оның ішінде сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім берген әрбір ЭӨҰ (бұдан әрі ЭӨҰ-қатысушы) осы Қағидалардың 71 және 73-тармақтарына сәйкес сатуға жаңа өтінімдер беруге қосымша мүмкіндік берілетін бес минутқа ұзартуды нарық операторы ЭӨҰ-қатысушылардан сатуға жаңа өтінім бергеннен кейін, ЭӨҰ-қатысушылардан сатуға келіп түскен жаңа өтінімдер арасындағы уақыт аралығы бес минуттан аспаған жағдайда жүзеге асырады, бұл ретте сауда-саттықты кезекті ұзарту уақытын есептеу ЭӨҰ-қатысушылардан сатуға жаңа өтінім келіп түскен уақыттан бастап жүзеге асырылады.

Егер сауда-саттықты кезекті ұзарту уақыты ішінде қатысушы ЭӨҰ-дан сатуға жаңа өтінімдер берілмесе, нарық операторы сауда-саттықты жабады.

Егер сауда-саттықтың кезекті ұзартылуы сауда-саттықтың жалпы уақытының бес сағатқа тең болуына әкеп соқтыруы мүмкін болса, сауда-саттықтың осы кезекті ұзартылуын нарық операторы сауда-саттықтың жалпы уақытының аталған бес сағаты өткенге дейін қалған уақыт аралығында жүзеге асырады.

Сауда-саттықтың негізгі уақыты ішінде сатуға өтінім бермеген ЭӨҰ сауда-саттықтың кезекті ұзартылу уақыты (қосымша уақыт) ішінде сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Сатуға өтінім мынаны қамтиды:

1) МВт-да көрсетілген және еселі бір МВт сауда-саттықта қуатты сатудың тиісті шекті көлемінен аспайтын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көлемі;

2) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтік минималды шекті көлемі, МВт және еселі бір МВт;

3) энергия өндіруші ұйымның атауы;

4) айына бір МВт үшін еселі бір мың теңге, уәкілетті орган бекіткен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметке шекті тарифтен аспайтын ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен айына бір МВт үшін мың теңгемен көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерге баға;

5) электр қуаты әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті көрсету мерзімі, оны көрсетуді бастаған және аяқтаған күн;

6) сатуға өтінімге қол қойған басшының немесе жауапты адамның тегі және аты-жөні;

7) энергия өндіруші ұйымдардың деректемелері (телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы).

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Сатуға өтінім беру Интернет желісін пайдалана отырып, сауда-саттық сессиясы барысында жүзеге асырылады, бұл ретте сатуға өтінім ЭӨҰ тікелей нарық операторының интернет-ресурсында қалыптастырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. ЭӨҰ сатуға жаңа өтінім беру арқылы бұрын берілген өтінімді өзгертуге құқылы. Бұл ретте, сатуға арналған жаңа өтінімде көрсетілетін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі сатуға арналған алдыңғы өтінімде көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлеміне тең көрсетіледі, ал сатуға арналған жаңа өтінімде көрсетілетін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы сатуға арналған алдыңғы өтінімде көрсетілген бағадан төмен көрсетіледі.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Сауда-саттықта ЭӨҰ қуатты сатудың тиісті шекті көлемінен асатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көлемі, сатуға өтінімді нарық операторы қабылдамайды.

75. Сатуға өтінімдерден осы сатуға өтінімдерде көрсетілген нарық операторы электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерге бағаның арту тәртібінде сараланған кесте қалыптастырады.

76. Сауда-саттық нәтижелері бойынша нарық операторы сауда-саттыққа өтінімдері ҚР БЭЖ Солтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Батыс аймағының жиынтығында Батыс Қазақстан және Атырау облыстарына, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысының Сауда-саттық көлеміне енгізілген ЭӨҰ тізімін анықтайды және осы тізімнің негізінде сауда-саттық жабылғаннан кейін бір сағат ішінде нарық операторының интернет-ресурсында сатуға арналған тиісті өтінімдердің электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің бағалары мен көлемін көрсете отырып жарияланатын сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың тізілімін қалыптастырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шарттар сатуға тиісті өтінімдерде көрсетілген баға бойынша жасалады.

Сауда-саттық нәтижелері бойынша нарық операторы сатуға өтінімдері ҚР БЭЖ Солтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Оңтүстік аймағына, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарына бірге, ҚР БЭЖ Батыс аймағының Маңғыстау облысына тиесілі сауда-саттық көлеміне кірмеген ЭБҰ тізілімін айқындайды және жүйелік операторға жібереді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Нарық операторы сауда-саттық нәтижесі бойынша сауда сессиясы жабылғаннан кейін бір сағат ішінде ЭӨҰ мен бірыңғай сатып алушыға электрондық түрде өткен сауда-саттық нәтижелері туралы хабарлама жібереді. Жазбаша хабарламаны тиісті сауда-саттық өткізген күннен кейінгі жұмыс күнінің сағат 18.00-ден (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) кешіктірмейтін мерзімде ЭӨҰ және бірыңғай сатып алушыға жібереді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Нарық операторы тиісті сауда-саттық өткізген күннен кейінгі жұмыс күнінің сағат 18.00-ден (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) кешіктірмейтін мерзімде өткен сауда-саттықтың қорытындыларын қалыптастырады және уәкілетті органға және бірыңғай сатып алушыға жібереді.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Сауда-саттық мына мән-жайлардың бірі басталған жағдайда 30 (отыз) минутқа тоқатылуы мүмкін:

1) сауда жүйесінің жұмысқа қабілетсіздікке алып келген сервер жабдығындағы немесе электрондық жүйедегі техникалық ақаулар;

2) сауда желісіне кіру қолжетімсіздігіне алып келген интернет желілерінің байланыс арналары немесе жабдықтардың техникалық ақаулары.

80. Сауда-саттықты тоқтата тұрған кезде нарық операторы қанша уақыт ішінде сауда-саттық процесі қалпына келетінін көрсете отырып, сауданы тоқтата тұру себебі туралы қолжетімді техникалық байланыс құралдары арқылы сауда-саттықтың тиісті қатысушыларын жедел хабардар етеді.

81. Сауда-саттық мына мән-жайлар басталған кезде кейінге қалдырылуы мүмкін:

1) осы Қағидалардың 79-тармағында көрсетілген техникалық ақауларды жоюға отыз минуттан астам уақыт талап етіледі;

2) сауда залы және (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдығын электрмен жабдықтауда ұзақ, екі сағаттан астам үзіліс;

3) уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан аукциондық сауда-саттықтар өткізуге тыйым.

Нарық операторы осы тармақта көрсетілген себептер бойынша сауда-саттықты кейінге қалдырған жағдайда, қайта сауда-саттық өтеді. Қайта сауда-саттық жүргізуді нарық операторы айқындаған тәртіпте жүзеге асырады. Бұл ретте, ЭӨҰ берген сатуға өтінім жойылады да, нарық операторы белгілеген күні қайта беріледі.

82. Нарық операторының қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тариф бойынша сауда-саттыққа қатысушылар төлейді.

7-параграф. Дауларды шешу

83. Қуат нарығында олардың қызметі нәтижесінде электр энергиясының көтерме нарық субъектілері арасында туындаған даулар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

8-Параграф. Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылардың электр қуаты нарығына қатысуы

Ескерту. 8-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тарау 8-параграфпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Энергия өндіруші ұйымдармен бірге бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушылар осы тұлғалар тобындағы заңды тұлғаларға меншік, жалдау құқығымен немесе өзге де заттай құқықпен тиесілі генерациялайтын көздер есебінен қуатпен қамтамасыз етілуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құқық энергия өндіруші ұйымдармен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдарға қолданылмайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тиісті тұлғалар тобы шеңберінде энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылар арасында электр қуатымен қамтамасыз ету жөнінде екіжақты шарттар жасалады.

Электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты шарт алдағы күнтізбелік жылға не алдағы күнтізбелік жылдарға осы шарттардың тараптары айқындаған бағалар мен көлемде жасалады, бұл ретте осы Шартта мынадай міндетті параметрлер көрсетіледі:

1) он пайыздық резервті ескере отырып, тұтынушыға энергия өндіруші ұйым көрсетуге міндетті электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің көлемі (жылдар бойынша);

2) тұтынушы энергия өндіруші ұйымның электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне ақы төлеуге міндеттенетін баға (жылдар бойынша)

3) энергия өндіруші ұйым электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге, ал тұтынушы осы қызметті сатып алуға міндеттенетін шарттың қолданылу мерзімі (жылдары);

4) шарттың қолданылу мерзімі ішінде өз тұтынушының электр қуатының ең жоғары мәні (оның ішінде электр станцияларының өз қажеттілігі электр қуатының ең жоғары мәні) және энергия өндіруші ұйымның экспортының ең жоғары электр қуаты.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

86. Тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген, тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен тұтынушылар жыл сайын электр қуатымен қамтамасыз ету

бойынша екі жақты шарттар жасалатын жылдың алдындағы жылының (кезеннің) бірінші тамызына дейін бірыңғай сатып алушыға көрсетілген (жасалған) шарттардың тиісті көшірмелерін (бұдан әрі - көшірмелер) ұсынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген көшірмелерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты шарттарда көрсетілген электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемі осы Қағидалардың 87-тармағына сәйкес өзгертіледі, сондай-ақ Тиісті энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларын кезектен тыс аттестаттау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтердің осы көлемдері төмендеген жағдайда өзгертуге жатады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдар бірыңғай сатып алушыға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, төменде аталатындарды қоспағанда, орталықтандырылған сауда-саттықта аттестатталған электр қуатынан аспайтын көлемде өткізуді жүзеге асырады;

1) экспорттың есеп айырысу жылында ең жоғары электр қуаты;

2) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

3) есеп айырысу жылында меншікті тұтынудың электр қуатының ең жоғарғы мәні;

4) көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын және олармен бір тұлғалар тобына кіретін, тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген тұтынушыларға есеп айырысу жылында жеткізудің электр қуатының ең жоғарғы мәні.

Электр қуатын кезектен тыс аттестаттауды өткізу нәтижесінде тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдардың аттестатталған электр қуатының мәні электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша бірыңғай сатып алушымен жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болған жағдайда, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көрсетілген көлемі аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдардың меншікті тұтынатын электр қуатының есеп айырысу жылындағы ең жоғары мәні тиісті аттестаттаудың нәтижелері бойынша тіркелген, олардың құрамына кіретін электр станцияларының меншікті мұқтаждықтарының электр қуаттары мәндерінің сомасы шегеріле отырып есепке алынады.

Жиынтық шегерілетін электр қуаты және электр өндіруші ұйымның электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемі

жоғарыда көрсетілген өзгеріс жоспарланып отырған есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) алдындағы есеп айырысу кезеңінің жиырмасыншы күнінен (күнтізбелік айдың) кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай сатып алушыға тиісті өтінім берген жағдайда, аттестатталған электр қуатының айырма мәні және жиынтық электр қуатының сомасы мен энергия өндіруші ұйымның электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі шегінде өзгертуге жатады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

88. Осы Қағидалардың 87-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есеп айырысу жылындағы экспорттың максималды электр қуатына есеп айырысу жылындағы энергиямен жабдықтаушы ұйым (ұйымдар) арқылы экспорттың максималды электр қуаты енгізіледі.

Осы Қағидалардың 87-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген электр қуатының максималды мәні ретінде электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтің тиісті шарттық көлемінің мәні қолданылады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы бірыңғай сатып алушымен шарт жасамаған, бірақ тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушымен (тұтынушылармен) электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты шарт жасасқан энергия өндіруші ұйым мыналарды:

1) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын тұрақты әзірлікте ұстап тұруын;

2) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

3) Жүйелік операторға теңгерімдейтін нарықта электр энергиясын арттыруды және азайтуды реттеуге қатысуға өтінімдерді күнделікті беруді;

3-1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді орындау;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жиілік пен қуатты бастапқы және қайталама реттеу жүйелерін тұрақты әзірлікте ұстап тұруды (бұл ретте, энергия өндіруші ұйымды жиілік пен қуатты қайталама реттеуге тарту энергия өндіруші ұйымның келісімі бойынша жүргізіледі);

5) алдағы жоспарлау тәулігіне энергия өндіруші ұйымдар құрамына кіретін электр станцияларының технологиялық және техникалық минимумдары, генерацияның жұмыс электр қуатының мәндері туралы ақпаратты Жүйелік операторға күнделікті беруді;

6) Жүйелік операторға өз қажеттілігіне тұтынуындағы ағымдағы электр қуаты және желіге жіберудің ағымдағы электр қуаты, генерацияның ағымдағы электр қуатының мәндері туралы телеметрикалық ақпаратты беруді;

7) алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

90. Егер тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын кезектен тыс аттестаттаудан өткізу нәтижелері бойынша оның аттестатталған электр қуаты электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің шарттық көлемінің мәніне ұлғайтылған желіге босатудың тиісті жиынтық электр қуатынан кем болған жағдайда электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің шарттық көлемі және ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің жиынтық көлемі мынадай тәртіппен қысқарту көлеміне төмендетілуі тиіс :

1) бірінші кезекте қысқарту көлеміне, осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі төмендейді;

2) Егер қысқарту көлемі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет көлемінен асып кеткен жағдайда не егер электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт болмаса, тиісті мәнге электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің шарттық көлемі төмендетіледі, бұл ретте осы төмендету электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің шарттық көлеміндегі олардың әрқайсысының үлесіне пропорционал түрде электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты шарттардың электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің көлемдері арасында бөлінеді.

Энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы тиісті шарттарға тиісті өзгерістер енгізуді бірыңғай сатып алушы Жүйелік оператордан энергия өндіруші ұйымның аттестатталған электр қуаты туралы тиісті жазбаша ақпаратты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі екі жақты шарттарға тиісті өзгерістер енгізуді энергия өндіруші ұйым және онымен тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген

тұлғалардың бір тобына кіретін тиісті тұтынушылар Жүйелік оператордан аттестатталған электр қуаты туралы тиісті жазбаша ақпарат алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Енгізілген өзгерістері бар электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі шарттардың көшірмелерін тиісті энергия өндіруші ұйым және тұтынушылар бірыңғай сатып алушыға аттестатталған электр қуаты туралы тиісті жазбаша ақпаратты Жүйелік оператордан алған күннен бастап он екі жұмыс күні ішінде береді.

Осы тармақта көрсетілген шарттарға өзгерістер қолданысқа енгізілген күн энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының тиісті кезектен тыс аттестаттауларының соңғысы жүргізілген айдың бірінші күні белгіленеді.

Осы өзгерістер олар қолданысқа енгізілген жылдың отыз бірінші желтоқсанына дейін қолданылады.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Энергия өндіруші ұйымның есептік кезеңде (күнтізбелік кезеңде) электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы екі жақты шарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша нақты көрсеткен қызметінің көлемін (бұдан әрі – электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтің нақты көлемі) бірыңғай сатып алушы мына формула бойынша ондықтарға дейінгі дәлдікпен есептейді:

$$HK_T = ШK_T - |HK|, \text{ онда}$$

HK_T – энергия өндіруші ұйымның электр қуатын қамтамасыз ету бойынша барлық қолданыстағы екі жақты шарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

$ШK_T$ – электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

HK – энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы қолданыстағы барлық шарттар бойынша әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі, МВт;

$|HK|$ – HK модулі, МВт (егер HK мәні нөлден жоғары болса, бұл қосылғыш нөлге тең).

92. Энергия өндіруші ұйымның электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы барлық екі жақты шарттар бойынша электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көлемі туралы ақпаратты энергия өндіруші ұйымның бірыңғай сатып алушысы тиісті есептік кезеңі (күнтізбелік ай) аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде ұсынады.

Алдағы 20__ жылға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың және электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы екі жақты шарттардың негізінде қалыптастырылған энергия өндіруші ұйымдар туралы ақпарат

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. 1-кесте.*

№	ЭӨҰ атауы	Ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт	соның ішінде:	Жиынтық электр қуаты, МВт	Жылуландыру қуатының дельтасы, МВт	Желіге жіберудің жиынтық электр қуаты, МВт	Жиынтық шегерілетін электр қуаты, МВт	Электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемі, МВт
			А Ж бойынша қызметтің шарттық көлемі, МВт**					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
2.								
3.								

Ескертпе:

* - кестенің параметрлерінің сандық мәні бүтінге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - Заңның 15-4-бабына сәйкес уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға инвестициялық келісім жасасқаннан кейін (негізінде) бірыңғай сатып алушымен энергия өндіруші ұйым жасасқан электр қуаты дайындығын қолдау бойынша қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі;

МВт - мегаватт.

2. 2-кесте.*

№	ЭӨҰ атауы	Өз қажеттілігіне тұтыну электр қуатының максималды мәні, МВт	соның ішінде:	Бөлшек сауда нарығының субъектілеріне жеткізулердің максималды электр қуаты, МВт**	Экспорттың максималды электр қуаты, МВт
			Электр станцияларының өз қажеттіліктерінің электр қуатының максималды мәні, МВт		
1	2	3	4	5	6

1.					
2.					
3.					

Ескертпе:

* - кестенің параметрлерінің сандық мәні бүтінге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - бөлшек нарық субъектілерінің жеткізілімінің максималды электр қуаты Жүйелік оператордың интернет-ресурсына қуат нарығы тұтынушыларының тізбесі интернет-ресурсқа орналастырған кезде (нөлге теңестірілмейді) және осы тізбеде бөлшек нарықтың көрсетілген субъектілерінің болмаған кезде көрсетіледі;

МВт - мегаватт.

3. 3-кесте.*

№	ЭӨҰ атауы	ЭӨҰ электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша екі жақты шарт жасасқан тұтынушының атауы	Электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы екі жақты шартта көрсетілген электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемі, МВт**
1	2	3	4
1.			
2.			
3.			

Ескертпе:

* – кесте электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы екі жақты шарттары бар әр энергия өндіруші ұйым үшін жеке толтырылады, соған қоса кестенің параметрлерінің сандық мәні бүтінге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** – берілген бағананың жиынтық мәні электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлеміне теңелуі тиіс;

МВт - мегаватт.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның
жұмыс істеу қағидаларына
2-қосымша

k1, k2, k3, k4, k6, k8, k9, k10 коэффициенттерін анықтау

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. k1 коэффициентін анықтау.

k1 коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$k1 = 1 - \frac{n \times D}{\text{дп}}$$

, мұндағы:

ҚШ – ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт;

D – энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының және экспорттық электр қуатының жиынтық мәнінің есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) барлық бақылау кезеңдеріндегі нақты орташа мәнінен энергия өндіруші ұйымның шегерілетін жиынтық электр қуатынан асып кетуінің мәні, МВт;

n – D -ға тәуелді өлшемсіз коэффициент;

1) n = 0, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 5,0 пайызынан аспаған жағдайда;

2) n = 1,3, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 5,1-ден 20,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

3) n = 1,5, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 20,1-ден 40,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

4) n = 1,7, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 40,1-ден 50,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

5) n = 2,0, егер D - жиынтық шегерілетін электр қуатынан 50,0 пайыздан асқан жағдайда.

Егер, k1 коэффициентінің теріс мәні болғанда, оның мәні нөлге тең болады.

Есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) бойынша жеке тұтынудың электр қуатының, бөлшек сауда нарығының субъектілеріне жеткізудің электр қуатының және энергия өндіруші ұйым экспортының электр қуатының нақты максималды жиынтық мәнін анықтау кезінде қолданылатын электр қуатының мәндері жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алуының автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) орталық деректер қорына келісілген хаттамалар бойынша ЭКЕАЖ деректер базасынан сағат бойынша есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін ЭКЕАЖ деректері бойынша айқындалады. Жүйелік операторда ЭКЕАЖ деректері болмаған жағдайда электр қуатының нақты максималды мәні жүктеменің өңірлік бейіні бойынша айқындалады.

2. k2 коэффициентін анықтау.

k2 коэффициенті:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы нақты уақыт режимінде енгізілгеннен кейін мынадай формула бойынша айқындалады:

$k2 = \min [\text{карттыру}; \text{ктөмен}]$, мұндағы:

kжоғарыл – жоғарылату үшін реттеуге қатысудың теңгерімдеуші коэффициенті;

ктөмен – төмендету үшін реттеуге қатысудың теңгерімдеуші коэффициенті;

$\min [k\text{жоғарыл}; \text{ктөмен}]$ – kжоғарыл және ктөмен коэффициенттерінің ең төмені;

kжоғарыл коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$k_{\text{жоғарыл}} = \frac{C_{\text{ай}} - C_{\text{төмен}}}{C_{\text{ай}}}, \text{ мұндағы:}$$

Сай – есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) сағаттар саны, сағатпен;

Стөмен – жоғарылату үшін теңгерімдеуге қатысуға энергия өндіруші ұйымдардың өтінімі болмаған не жүйелік операторға толық емес көлемде берілген есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) сағаттар саны, сағатпен;

ктөмен коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$k_{\text{төмен}} = \frac{C_{\text{ай}} - C_{\text{төмен}}}{C_{\text{ай}}}, \text{ мұндағы:}$$

Сай – есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) сағаттар саны, сағатпен;

Стөмен – төмендеуге теңгерімдеуге қатысуға энергия өндіруші ұйымдардың өтінімі болмаған немесе жүйелік операторға толық емес көлемде берілген есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік ай) сағаттар саны, сағатпен.

3. k3 коэффициентін анықтау:

$k3 = R_{\text{ор}} / (R\Sigma)$, мұндағы:

$R_{\text{ор}}$ – есепті кезеңде энергия өндіруші ұйым орындаған жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге өтінімдердің жиынтық саны;

$R\Sigma$ – есепті кезеңде жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге энергия өндіруші ұйымның жүйелік оператор іске қосқан өтінімдерінің жиынтық саны.

$R\Sigma = 0$ болған жағдайда k3 коэффициенті 1-ге тең болады.

k3 коэффициентінің мәні 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бірге теңеледі.

4. Қабылданған өзгерістерге сәйкес k4 коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$k_4 = 1 - \left(\frac{\sum_{i=1}^m P_{\text{белг.ав.}i} \times \chi_{\text{ав.}i} \times Z}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^k P_{\text{белг.ав.}i} \times \chi_{\text{пр.}i}}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^q P_{\text{шек.}i} \times \chi_{\text{шек.}i} \times Z}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} + \frac{\sum_{i=1}^t P_{\text{шек.сез.}i} \times \chi_{\text{шек.сез.}i}}{\sum_{i=1}^n P_{\text{белг.}i} \times \chi_{\text{ай}}} \right)$$

, мұндағы:

n – энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялайтын қондырғыларының жалпы саны;

m – авариялық немесе жоспардан тыс жөндеудегі немесе резервтен тыс күйдегі энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының саны;

k – жоспарлы жөндеу ұзақтығы номиналды жоспарлы жөндеу кезеңінің ұзақтығынан асып кеткен энергия өндіруші ұйымның электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының саны;

q – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған жөндеу өтінімдерінің нақты саны;

t – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған жөндеу өтінімдерінің нақты саны;

i – сәйкесінше 1-ден: k , m , n , q немесе t -ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

z – өлшемсіз коэффициент:

$z=1$, жабдықты авариялық және (немесе) жоспардан тыс жөндеуге шығарудың бірыңғай жағдайы кезінде немесе жоспардан тыс тәртіппен резервтен тыс жағдайда;

$z=2$, егер осы шығару жабдықты авариялық және (немесе) жоспарланбаған жөндеуден пайдалануға бергеннен кейін 72 сағаттан ерте болмаған жағдайда, есепті кезеңде сол ірі блокты жабдықты (қазанды, генераторды немесе турбинаны) жоспардан тыс тәртіппен авариялық және (немесе) жоспарланбаған тәртіппен жоспардан тыс жөндеу немесе резервтен тыс жай-күйге;

$P_{\text{белг.ав.}i}$ – авариялық немесе жоспардан тыс жөндеудегі немесе жоспардан тыс тәртіпте резервтен тыс күйдегі, генерациялайтын қондырғының белгіленген электр қуаты, МВт-та;

$С_{\text{ағ.ав.}i}$ – есептік кезеңде авариялық немесе жоспардан тыс жөндеуде немесе резервтен тыс жағдайда, жоспарланбаған тәртіппен, жүйелік операторға берілген жөндеу өтініміне сәйкес айқындалатын минуттарда генерациялайтын қондырғының нақты тоқтап қалу ұзақтығы;

$P_{\text{белг.жж.}i}$ – жоспарлы жөндеу ұзақтығы номиналды жоспарлы жөндеу кезеңінің ұзақтығынан асатын, генерациялайтын қондырғының белгіленген электр қуаты, МВт-та;

$С_{\text{ағ.жж.}i}$ – жүйелік операторға берілген жөндеу өтініміне сәйкес айқындалатын, номиналды жоспарлы жөндеу кезеңіне қатысты ҰБТ генерациялайтын қондырғыны жоспарлы жөндеу ұзақтығының есепті кезеңдегі нақты асып кету ұзақтығы;

Ршек.і – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымның есеп айырысу кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған і-ші жөндеу өтінімінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларын генерацияның электр қуатының жиынтық ағымдағы шектеулерінің мәні, МВт-та;

Сағ.шек.і – есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік айда) энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы қазандықтар корпустарының не осы электр станцияларының қазандықтарының авариялық тоқтауына байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан і-ші жөндеу өтінімінің іс жүзіндегі ұзақтығы, минуттарда;

Сағ.ай – есептік кезеңнің ұзақтығы, минуттарда;

Рбелг.і– і-нің орнатылған электр қуаты генераторлық қондырғылар;

Рбелг.маус.і – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымның есептік кезең (күнтізбелік ай) ішінде қолданыста болған і-ші жөндеу өтінімінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларын генерациялаудың электр қуатының жиынтық ағымдағы шектеулерінің мәні, МВт-та;

Сағ.шек.маус.і – энергия өндіруші ұйымның жылу электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жұмысындағы белгіленген электр қуатының маусымдық шектеулеріне байланысты жүйелік операторға берілген энергия өндіруші ұйымнан і-ші жөндеу өтінімінің есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты қолданылу ұзақтығы, минуттармен;

$\Sigma_{i=1}^m$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^n$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^k$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^t$ – і бойынша сома;

$\Sigma_{i=1}^q$ – і бойынша сома.»;

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. k_6 коэффициентін анықтау.

k_6 коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$k_6 = 1 - \frac{n \times D}{Q_{Ш} + Q_{Шr}}$$

, мұндағы:

$Q_{Ш}$ – ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі, МВт-та;

$Q_{Шr}$ – электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемі, МВт-та;

D – энергия өндіруші ұйымның өз тұтынуының электр қуатының және экспортының электр қуатының жиынтық мәнінің есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) барлық бақылау кезеңдеріндегі нақты орташа мәнінің энергия өндіруші ұйымның жиынтық шегерілетін электр қуатынан артуының мәні, МВт-та;

n – D -ге тәуелді өлшемсіз коэффициент:

1) $n = 0$, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 5,0 пайызынан аспаған жағдайда;

2) $n = 1,3$, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 5,1-ден 20,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

3) $n = 1,5$, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 20,1-ден 40,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

4) $n = 1,7$, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 40,1-ден 50,0 пайызға дейін мәндер диапазонында тұрған жағдайда;

5) $n = 2,0$, егер D жиынтық шегерілетін электр қуатынан 50,0 пайыздан асқан жағдайда.

Егер, k_6 коэффициентінің теріс мәні болғанда, оның мәні нөлге тең болады.

Энергия өндіруші ұйымның меншікті тұтынуы электр қуатының және экспорты электр қуатының нақты ең жоғары есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) жиынтық мәнін айқындау кезінде пайдаланылатын электр қуатының мәндері келісілген хаттамалар бойынша жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық дерекқорына ЭКЕАЖ дерекқорынан сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін ЭКЕАЖ деректері бойынша айқындалады. Жүйелік операторда ЭКЕАЖ деректері болмаған кезде электр қуатының мәндері жүктеменің өңірлік бейіні бойынша айқындалады.

6. k_8 коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_8 = 1 - \frac{T_{\text{асыру}}}{T_m}, \text{ мұндағы}$$

Тасыру – есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік айдағы) нақты күн (тәулік) саны, олардың әрбір (әрбір) ішінде кемінде бір сағат шеңберінде ЭКЕАЖ деректері бойынша айқындалған, энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялаудың (МВт) электр қуатының осы сағатына сәйкес келетін орташа мәнінен асып кетуі тіркелген, генерациялаудың жұмыс электр қуаттарының, технологиялық және техникалық минимумдардың тізімдемесінде көрсетілген энергия өндіруші ұйымның электр станцияларын генерациялаудың жұмыс электр қуатының (МВт) осы сағатқа сәйкес келетін мәнінен генерациялаудың жұмыс электр қуатының көрсетілген мәнінен 1,0 %-дан астам асып кету (бұдан әрі – Асып кету);

T_m – есеп айырысу кезеңіндегі күн саны (күнтізбелік айда).

Егер T асыру энергия өндіруші ұйымның Заңның 12-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес жүйелік оператордың осы өкімін (өкімдерін) орындауы себебінен болған жағдайда, онда бұл асып кету Тасыру айқындау кезінде есепке алынбайды.

k_8 коэффициентінің мәні 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін бірлікке теңестіріледі.

7. k_9 коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_9 = \left(1 - \frac{T_{\text{шартсыз}}}{T_{\text{ай}}}\right) * \left(1 - \frac{N_{\text{о/с}}}{N_{\text{жалпы}}}\right)$$

, мұндағы:

$T_{\text{шартсыз}}$ – жүйелік оператормен электр қуатын реттеу бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуге шарт болмаған айдағы күндер саны;

$T_{\text{ай}}$ – бір айдағы күндер саны;

$N_{\text{о/с}}$ – бір ай ішінде реттеу бойынша жүйелік оператордың орындалмаған өкімдерінің саны. Егер қуат алудың орташа жылдамдығы Аттестаттауды өткізу қағидаларында станцияның осы типі үшін белгіленген ең төменгі жылдамдықтан аз болса немесе реттеудің шарттық диапазоны шеңберінде жүйелік оператор белгілеген генерациялау (беру) қуатының шамасына қол жеткізілмесе, өкім орындалмады деп есептеледі;

$N_{\text{жалпы}}$ – бір ай ішінде реттеу бойынша жүйелік оператор берген өкімдердің жалпы саны.

Заңның 15-8-бабының 8-тармағына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы және электр қуатын реттеу бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуге арналған шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік электр қуаты нарығының тетіктерін пайдалану арқылы туындайды.

к9 коэффициенті (бірге тең емес) тек генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары үшін ғана қолданылады.

8. k10 коэффициенті формула бойынша анықталады:

$$k_{10} = \frac{\min\left(\frac{\Sigma_d}{T}; (K_{\text{cos}} - P_{\text{cos}} * \Omega)\right)}{P_{\text{дп}}} + 1,$$

, мұндағы:

Σ_d

– энергия өндіруші ұйымның бөлінуіне жататын, осы Қағидаларға берілген 2-қосымшаның 4-тармағына сәйкес бірыңғай сатып алушы қызметінің нәтижелері бойынша туындаған коэффициентті қолданудан түскен қаражат, теңге;

Энергия өндіруші ұйымның бөлінуіне жататын қаражат осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалған шартта көрсетілген асып кетуінің мәнінің және ең төмен бағаның туындысынан аспайды.

T – осы Қағидалардың 11-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалған энергия өндіруші ұйымның шартында көрсетілген ең төмен баға, теңге/МВт*ай;

$P_{\text{дп}}$ – k1, k2, k3, k4, k6, k8, k9 өлшемсіз коэффициенттерін қолдануды ескере отырып есептелген энергия өндіруші ұйымға әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемі, МВт;

$$\Sigma_d = (\sum_{i=1}^n S_{k4i} - \sum_{k=1}^z S_{k4k}) \cdot \Omega,$$

, мұндағы:

i – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

n – бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шарт жасасқан энергия өндіруші ұйымдардың жалпы саны;

k – 1-ден z-ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

z – электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті толық сатуды жүзеге асырмаған энергия өндіруші ұйымдардың саны;

S_{k4} – бірыңғай сатып алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаның 4-тармағына сәйкес бірыңғай сатып алушы қызметінің нәтижелері бойынша туындаған энергия өндіруші ұйымның коэффициентін қолданудан есептеген, мынадай формула бойынша айқындалатын қаражат сомасы:

$$S_{k4} = \frac{1-k_4}{\sum_{j=1}^m (1-k_j)} * S_{шззззз}$$

, мұндағы:

k_j – коэффициенттердің мәні;

j – 1-ден m -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

m – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес коэффициенттердің жалпы саны;

$S_{шззззз}$

– бірыңғай сатып алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бірыңғай сатып алушы қызметінің нәтижелері бойынша туындаған энергия өндіруші ұйымның барлық коэффициенттерін қолданудан есептеген қаражаттың жалпы сомасы, теңге;

W – осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес жүздіктерге дейінгі дәлдікпен айқындалатын i -ші энергия өндіруші ұйымның асып кету мәнінің үлесі;

k_{10} мәні электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттықтарында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті толық сатуды жүзеге асырған энергия өндіруші ұйымдар үшін, сондай-ақ

$Q_{\text{қос}} < P_{\text{қос}} * \Omega$

болған жағдайларда бірлікке теңестіріледі.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның
жұмыс істеу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

20__ жылғы _____ (есеп айырысу кезеңін көрсету (күнгізбелік ай))*
қорытындылары бойынша айқындалған $k_1, k_2, k_3, k_4, k_6, k_8, k_9$ коэффициенттерінің мәні
туралы акті

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Энергия өндіруші ұйымның атауы	k_1	k_2	k_3	k_4	k_6	k_8	k_9
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бірыңғай сатып алушымен шарт (шарттар) жасасқан энергия өндіруші ұйымдар (тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген тұлғалар тобына кірмейтін)								
1.						е-ді **		
2.						е-ді **		
3.						е-ді **		
Бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға шарт (шарттар) жасасқан, сондай-ақ электр қуатын қамтамасыз ету бойынша екі жақты шарт								

2.														
3.														
	Барлығы:													

Ескертпе:

МВт – мегаватт;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері ондықтарға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Бұл кестені энергиямен жабдықтаушы ұйымдар толтырмайды;

2-кесте*

P/c №	ЭӨҰ**	Меншік, жалға алу құқығындағы немесе генерациялайтын көздердің өзге де заттық құқығындағы құрамындағы (қуат нарығы тұтынушысының атауын көрсету) электр қуаты есебінен жабылатын 20__ жылғы айлар бойынша тұтыну электр қуатының бір бөлігі, МВт-пен												
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жыл ішіндегі ең жоғары мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.														т-майды**
2.														т-майды
3.														т-майды
	Барлығы:													т-майды

Ескертпе:

МВт-мегаватт;

* – кесте параметрлерінің сандық мәндері ондықтарға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** – энергия өндіруші ұйымның атауы;

*** – "т-майды" "толтырылмайды" дегенді білдіреді: сәйкес ұяшықтар

толтырылмайды.

3-кесте *

P/c №	ЭӨҰ**	Тұлғалар топтарының тізіліміне енгізілген тұлғалардың бір тобына кіретін (қуат нарығы тұтынушысының атауын көрсету) энергия өндіруші ұйымдардың электр қуаты есебінен жабылатын 20__ жылғы айлар бойынша тұтыну электр қуатының бір бөлігі, МВт												
		Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жыл ішіндегі ең жоғары мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

" _____ (өтінім беруші ұйымның атауын көрсету)
жасасқан жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша
қызметтерді көрсетуге арналған шартта ағымдағы 20__ жылға белгіленген жүктемені
арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемін
ұлғайтуды сұраймын.

Қосымша: ____ парақ.

(Өтінім беруші - ұйымның уәкілетті адамының лауазымын көрсету орны)	колтаңба	(Өтінім беруші ұйымның уәкілетті адамының есімін (қысқаша) және тегін көрсету орны)
---	----------	---

Ескерту:

* - жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтер көлемінің сандық мәні оннан онға дейін дәлдікпен ұлғайтуға өтінімде көрсетіледі.

** - егер себеп электрмен жабдықтаудың жаңа шартын жасасу болып табылса, электр энергиясының тиісті тұтынушысының толық атауын, сондай-ақ осы өтінім аясында өтінім беруші ұйыммен жасасқан жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта ағымдағы күнтізбелік күнге белгіленген жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемін ұлғайтудың мәлімделген мәнін енгізетін оның электр қуатының көлемі жеке көрсетіледі.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның
жұмыс істеу қағидаларына
5-қосымша
Нысан
(Бірыңғай сатып алушы болып
табылатын ұйымның атауын
көрсету орны)

Азайтуға өтінім*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 53-тармағының 1) тармақшасы және 54-тармағына сәйкес Сізден _____ (электр энергиясы тұтынушысының атауын көрсету) 20__ жылғы " ____ " _____ электрмен жабдықтау шартын бұзуға және электр энергиясының осы тұтынушысымен _____ (энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауын көрсету) басқа энергия жабдықтаушы ұйыммен жаңа энергиямен жабдықтау шартын (жаңа шарттарын) жасасуға байланысты ағымдағы жылғы алдағы есепті кезеңнен (күнтізбелік айдан) бастап _____ МВт-дан _____ МВт-ға дейін, _____ МВт-ға _____ (өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның

атауын көрсету) жасасқан 20__ жылғы " ____ " _____ № _____ жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта ағымдағы 20__ жылға белгіленген жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемін азайтуды сұраймын.

Қосымша: _____ (өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауы) және _____ (электр энергиясын тұтынушының атауын көрсету) арасындағы 20__ жылғы " ____ " _____ № _____ электрмен жабдықтау шартын бұзғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

(Өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның уәкілетті адамының лауазымын көрсететін орын)	қолтаңба	(Өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның уәкілетті адамының есімін (қысқаша) және тегін көрсету орны)
---	----------	--

Ескерту:

* - жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемінің сандық мәні оннан онға дейін дәлдікпен азайтуға өтінімде көрсетіледі

** - өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйым мен электр энергиясын тұтынушы арасындағы электрмен жабдықтау шартын бұзған жыл азайтуға өтінім берген жылға сәйкес келуі тиіс.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның
жұмыс істеу қағидаларына
6-қосымша
Нысан
(Бірыңғай сатып алушы болып
табылатын ұйымның атауын
көрсету орны)

Азайтуға өтінім*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 53-тармағының 2) тармақшасы және 54-тармағына сәйкес Сізден көлемі жоғарыда көрсетілген ЭЖҰ шартында ескерілген _____ (ұйымның атауын көрсету) жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге шартты жасасуға байланысты ағымдағы жылғы алдағы есепті кезеңнен (күнтізбелік айдан) баста , _____ МВт-дан _____ МВт-ға дейін _____ МВт-ға _____ (өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауын көрсету) жасасқан 20__ жылғы " ____ " _____ № _____ жүктемені

арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта ағымдағы 20__ жылға белгіленген жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемін азайтуды сұраймын.

Байланыс телефондары және электрондық мекенжайы (өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауын көрсету): _____.

Қосымша: _____ (өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауы) және _____ (ұйымның атауын көрсету) арасындағы 20__ жылғы " _____ " № _____ электрмен жабдықтау шартын бұзғанын растайтын құжаттың көшірмесі**

(Өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның уәкілетті адамының лауазымын көрсететін орын)	қолтаңба	(Өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйымның уәкілетті адамының есімін (қысқаша) және тегін көрсету орны)
---	----------	--

Ескерту:

* - жүктемені арттыруға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемінің сандық мәні оннан онға дейін дәлдікпен азайтуға өтінімде көрсетіледі

** - өтінім беруші энергиямен жабдықтаушы ұйым мен электр ұйым арасындағы электрмен жабдықтау шартын бұзған жыл азайтуға өтінім берген жылға сәйкес келуі тиіс.

Электр қуаты нарығын
ұйымдастыру және оның жұмыс
істеу қағидаларына
6-1-қосымша
Нысан

Қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттық көлемдерін өзгертуге өтінім

Ескерту. 6-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 53-тармағының 3) және 4) тармақшаларына және 54-тармағына сәйкес Сізді 20__ жылғы _____ (күнтізбелік айдан) бастап қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің шарттық көлемін ішінара немесе толық беру туралы келісім жасауға

байланысты _____ мен

(қуат нарығын беретін тұтынушының атауын көрсету)

жасалған 20__ жылғы _____ № _____ шартында белгіленген, _____ МВт** құрайтын, 20 __ жылға белгіленген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметінің шартында көрсетілген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемін _____ МВтқа*** азайтуды және

_____ мен жасалған 20 __ жылғы
(қуат нарығын қабылдаушы тұтынушының атауын көрсету)

_____ № _____ шартындағы белгіленген, _____ МВт** құрайтын, 20 __ жылға белгіленген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметінің шартында көрсетілген электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемін _____ МВтқа*** ұлғайтуды сұраймын (сұраймыз).

Байланыс телефоны және электрондық мекенжайы: _____

_____ (қуат нарығын беретін тұтынушының атауын көрсету)

Байланыс телефоны және электрондық мекенжайы: _____

_____ (қуат нарығын қабылдаушы тұтынушының атауын көрсету)

Қосымша: _____ мен

_____ (қуат нарығын беретін тұтынушының атауын көрсету)

_____ арасында жасалған
(қуат нарығын қабылдаушы тұтынушының атауын көрсету)
қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің шарттық көлемін ішінара немесе толық беру туралы _____ 20 __ ж. № _____ келісімнің көшірмесі.

Ескертпе:

* – Қағидалардың 53-тармағының тармақшаларының бірі көрсетіледі;

** – электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің сандық мәндері ондықтарға дейінгі дәлдікпен өзгертуге арналған өтінімде көрсетіледі;

*** – МВт саны бірдей көрсетілуге тиіс.

(Қуат нарығын беруші тұтынушының уәкілетті тұлғасының лауазымын көрсету орны)	колы	(Қуат нарығын беруші тұтынушының уәкілетті тұлғасының тегін, әкесінің атын (бар болса) көрсету орны)
(Қуат нарығын қабылдайтын тұтынушының уәкілетті тұлғасының лауазымын көрсету орны)	колы	(Қуат нарығын қабылдайтын тұтынушының уәкілетті тұлғасының тегін, әкесінің атын (бар болса) көрсету орны)

Электр қуаты нарығын
ұйымдастыру және оның жұмыс
істеу қағидаларына
6-2-қосымша

Азайтуға арналған өтінім

Ескерту. 6-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.08.2020 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) электр қуаты нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларының 53-тармағының 4) тармақшасына және 54-тармағына сәйкес Сізден электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған шартта белгіленген ағымдағы 20__ жылға арналған электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін

(қуат нарығын тұтынушының атауын көрсету)

20__ жылғы _____ № _____, ____ МВт* құрайтын, тұтынудың электр қуаты мәнінің

төмендеуіне байланысты***.

Байланыс телефоны және электрондық мекенжайы:

(қуат нарығын тұтынушының атауын көрсету)

(Қуат нарығын тұтынушының уәкілетті тұлғасының лауазымын қолы көрсету)

(Қуат нарығын тұтынушының уәкілетті тұлғасының тегін, әкесінің атын (бар болса) көрсету)

Ескертпе:

* - электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемінің сандық мәндері онға дейінгі дәлдікпен азайтуға арналған өтінімде көрсетіледі;

** - осы Қағиданың 54-тармағына сәйкес анықталады;

*** - төмендеу себептерін сипаттау (тұтынушылар және олардың төмендеу көлемдері бөлігінде).

2015 жылғы 27 ақпандағы № 152
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрінің
бұйрығымен бекітілген
Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның
жұмыс істеу қағидаларына
7-қосымша

20 _____ жылғы _____ (есепті кезенді (күнтізбелік айды) көрсету) қуат нарығы тұтынушылары тұтынатын электр қуатының нақты максималды мәндері туралы есеп*

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

МВт

№	Қуат нарығы тұтынушысының атауы**	Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) тұтынатын электр қуатының нақты максималды мәні ***
1	2	3
1		
2		
3		

Ескерту:

* - кестенің сандық мәндері бір аймақтағы қуат нарығының тұтынушылары үшін оннан бір дәлдікпен көрсетіледі. Бұл ретте бірнеше өңірде орналасқан қуат нарығының тұтынушылары үшін бұл мән мыңнан бір бөлігіне дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

** - қуат нарығының тұтынушылары - электр энергиясы көтерме нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар, оның ішінде өнеркәсіптік кешендер.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның жұмыс
істеу қағидаларына 7-1-қосымша

Нысаны

Ескерту. 7-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 08.11.2019 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Аймақтық жүктеме бейіні _____ (20 ____ жылғы есеп айырысу кезеңін
(күнтізбелік айды) көрсету) _____

арналған (өңірлік бейін қолданылатын өңірді (облысты, энергия торабын) көрсету).

№ р/б	Күнтізбелік айдың сағаты	Аймақтық жүктеме бейіні (ki)**
1	2	3
1.	1 сағат	
2.	2 сағат	
3.	3 сағат	
...	...	
4.	n-ші сағат*	

Ескертпе:

* - өңірлік бейін анықталатын есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) соңғы (шот бойынша) сағаты;

** - есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) әрбір сағаты үшін өңірлік жүктеме профилінің мәні мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_i = \frac{W_{\text{өңір},i} - W_{\text{ЭКЕАЖ},i}}{W_{\text{өңір}} - W_{\text{ЭКЕАЖ}}}, \text{ онда}$$

k_i - есеп айырысу кезеңінің i сағаты (күнтізбелік ай) үшін жүктеменің өңірлік бейінінің мәні;

$W_{\text{өңір},i}$ - өңірдегі (облыстағы, энергия торабындағы) барлық тұтынушылардың есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) i сағаты үшін тұтынған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ.;

$W_{\text{ЭКЕАЖ},i}$ - электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесімен (бұдан әрі - ЭКЕАЖ) жарактандырылған, келісілген хаттамалар бойынша ЭКЕАЖ деректер базасынан Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық дерекқорына сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін өңірдің (облыстың, энергия торабының) тұтынушылары есеп айырысу кезеңінің i - сағатында (күнтізбелік айда) тұтынған электр энергиясы көлемінің және келісілген хаттамалар бойынша ЭКЕАЖ деректер базасынан Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық деректер базасына сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін, өңірдегі (облыстағы, энергия торабындағы) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың келісімшарттық тұтынушылары есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) i сағаты үшін ЭКЕАЖ-мен жаракталған қосулар бойынша тұтынылған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ.;

i - 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n - есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік айдағы) сағат саны;

$W_{\text{өңір}}$ - өңірдегі (облыстағы, энергия торабындағы) барлық тұтынушылар есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) тұтынған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ.;

$W_{\text{ЭКЕАЖ}}$ - келісілген хаттамалар бойынша жүйелік оператордың ЭКЕАЖ-ның Орталық дерекқорына ЭКЕАЖ-мен жаракталған электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын, ЭКЕАЖ-мен жаракталған өңірдің (облыстың, энергия торабының) тұтынушылары есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін тұтынған электр энергиясы көлемінің және өңірде (облыста, энергия торабында) орналасқан энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың келісімшарттық тұтынушылары есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық

деректер базасына келісілген хаттамалар бойынша ЭКЕАЖ деректер базасынан сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін ЭКЕАЖ-мен жарақтандырылған қосылулар бойынша тұтынылған электр энергиясының көлемі кВт*сағ.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның жұмыс
істеу қағидаларына 8-қосымша
Нысан

Шартты бұзуға өтінім*

Ескерту. Қағида 8-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 62-тармағының 2) тармақшасына сәйкес электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы тоқтатылуына байланысты және

_____ (энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауы)

арасында энергиямен жабдықтау бойынша 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шарт жасауға байланысты _____

(бірыңғай сатып алушы болып табылатын ұйымның атауы)

_____ арасындағы

(өтінім берген ұйымның атауы)

электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша

қызмет көрсетуге арналған 20__ жылғы " __ " _____ № _____

шартты _____

(өтінім берген ұйымның атауы)

бұзуыңызды сұраймын.

Байланыс телефондары және электрондық мекенжайы:

_____ (қуат нарығы тұтынушысының атауы – өтінім берушіні көрсету)

Қосымша: _____ және

(энергиямен жабдықтаушы ұйымның атауы)

_____ (қуат нарығы тұтынушысының атауы)**

арасындағы электрмен жабдықтау бойынша 20__ жылғы " __ " _____

№ _____ шарттың жасалғанын растайтын құжат көшірмесі.

(Энергиямен жабдықтаушы ұйым
– өтінім берушінің уәкілетті
адамының лауазымын көрсету
орны) колы

(Энергиямен жабдықтаушы ұйым
– өтінім берушінің уәкілетті
адамының тегі, аты, әкесінің аты (
бар болса))

Ескертпе:

* - электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемінің сандық мәні азайтуға арналған өтінімде ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

** - электрмен жабдықтау шартын жасаған жыл электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге шартты бұзуға өтінім берген жылға сәйкес келуі тиіс.

Электр қуатының нарығын
ұйымдастыру және оның жұмыс
істеу қағидаларына 9-қосымша
Нысан

Шартты бұзуға өтінім*

Ескерту. Қағида 9-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 17.06.2019 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) 62-тармағының 3) тармақшасына сәйкес

(өтінім берген тұтынушының атауы)

электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуы тоқтатылуына
байланысты _____ және

(бірыңғай сатып алушы болып табылатын ұйымның атауы)

_____ арасындағы

(өтінім берген тұтынушының атауы)

электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша
қызмет көрсетуге жасалған 20__ жылғы " __ " _____ № __ шартты
бұзуыңызды сұраймын. _____

(өтінім берген ұйымның атауы)

(бірыңғай сатып алушы болып табылатын ұйымның атауы)

алдындағы алдыңғы есептік жылдардағы (күнтізбелік айлар) қызметтің
нақты көлеміне ақы төлеу бойынша қарызы жоқ, ағымдағы __ жылдың
ағымдағы есептік кезеңі (күнтізбелік ай) және келесі есептік жылдары

(күнтізбелік айлар) бойынша электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтің шарттық көлемінің ақысы өтелді.

Байланыс телефондары және электрондық мекенжайы: _____

(қуат нарығы тұтынушысының атауы – өтінім берушіні көрсету)

Қосымша: _____ және

(бірыңғай сатып алушы болып табылатын ұйымның атауы)

_____ арасындағы

(өтінім берген тұтынушының атауы)

өзара есеп айырысуды тексерулердің актісі.

(Энергиямен жабдықтаушы ұйым – өтінім берушінің уәкілетті адамының лауазымын көрсету орны) қолы

(Энергиямен жабдықтаушы ұйым – өтінім берушінің уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескертпе:

* - электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көлемінің сандық мәні азайтуға арналған өтінімде ондыққа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына 10-қосымша Нысан

20 ___ жылғы _____ үшін энергия (есептік кезеңді (күнтізбелік айды) көрсету) өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көрсетілетін көлемінің шарттық көлемнен асып кету мәні туралы ақпарат

Ескерту. Қағидалар 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 25.11.2024 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің нақты көрсетілген көлемінің шарттық көлемнен асып кету мәндері*.

№	Энергия өндіруші ұйымның атауы	ҚР БЭЖ аймағы	Асып кету мәні, МВт
1	2	3	4
1			
2			
3			
.....			
Барлығы			

Ескертпе:

* - кестенің сандық мәндері ондықтарға дейін көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК